Әділет

# Қосылған құнға салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібі туралы Нұсқаулық

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы 1995 жылғы 26 маусымдағы N 37. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 5 шілде тіркелді. Тіркеу N 77. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 117 бұйрығымен. ~V011434

ЕСКЕРТУ: Бүкіл мәтіндегі "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен ауыстырылды, "Жарлық", "Жарлықтың ", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның" , "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 Бұйрығымен. V990963_

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңына сәйкес әзірленді.

## I-бөлім. Қосылған құнға салынатын салық ұғымы

Қосылған құнға салынатын салық дегеніміз - тауар өндіру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету мен олардың айналысы процесінде қосылған құн өсімінің бір бөлігінің бюджетке аударылымы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тауар импорттау кезінде жасалатын аударым. Бюджетке төлеуге жататын қосылған құнға салынатын салық сатылған тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін есептеліп қосылған құнға салынатын салық сомасы мен сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасының арасындағы айырма ретінде анықталады.<*>

ЕСКЕРТУ. I-бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

## II-бөлім. Қосылған құнға салық салу объектісі

1. Салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт қосылған құнға салық салу объектісі болып табылады.

2. Салықтан босатылған және өз өндірісінің мұқтажы үшін жүзеге асырылатынынан басқа, Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылатын тауарларды, атқарылатын жұмысты немесе көрсетілген қызметті өткізу жөніндегі айналым, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы

болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген ережелерге сәйкес анықталатын айналым салық салынатын айналым болып табылады.<*><*>

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше - мемлекеттері басшыларының Келісіміне сәйкес салық салынатын айналым Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүше - мемлекеттері шегіне тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді өткізу жөніндегі айналым болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында сатылған жолдамалардың құнына енгізілген, Қазақстан Республикасы туристік фирмаларының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер шегінен тыс жерлерде көрсеткен қызметі (тамақтану, қонақ үйлерінде тұру, экскурсиялық қызмет көрсету және т.б .) қосылған құнға салық салу объектісі болып табылмайды.<*>

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер шегінен тыс жерлерде туристердің болуымен байланысты маршруттар бойынша туристік жолдамалар өткізумен шұғылданатын Қазақстан Республикасының туристік фирмалары бойынша аталған жолдамаларды өткізуден түскен түсім қосылған құнға салық салынатын объект болып табылады, оған осы Нұсқаулықтың 31-тармағына сәйкес қосылған құнға салынатын салықтан босатылған жүк пен жолаушыларды тасу құны, сондай-ақ шетелдік әріптестердің Тәуелсіз Мемлекеттік Достастығынан тыс жерлерде туристерге көрсететін қызметінің құны қосылмайды.<*><*>

Қосылған құнға салынатын салық айналысына, сондай-ақ жұмыс тауарларын жіберу немесе бір кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасындағы қызмет көрсетулер жатады, егер олар осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес қосылған құнға салынатын салықты өз бетінше төлейтін болып табылса.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1996.09.18. N 209 бұйрығымен V960021_ .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

3. "сату" термині атқарылған жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, сату, айырбастау мақсатында тауарларды тиеуді, кепіл ұстаушы меншігіне тегін беру немесе кепіл тауарларды беруді білдіреді.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

4. Тауарларды, жұмыс немесе қызмет көрсетуді өткерудің айналымы жөнелтілген тауардың, орындалған жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің құнына қарай анықталады.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық

комитетінің 1997.01.14. N 9 бұйрығымен.

5. Заттай түрінде жалақы және басқа да төлемдер төленген жағдайда берілген заттардың құнына, осы Нұсқаудың 39-41-1 тармақтарында көзделген ставка бойынша қосылған құнға салынатын салық қосылады.<*>

Делдалдық көмек қаражаттарының есебінен қызмет көрсетілген, жұмыс жасалған жағдайда, бұл қызметтердің, жұмыстардың құны жалпы қабылданған тәртіппен қосылған құн салығына жатқызылады.<*>

Тауарлар, оның ішінде салық органының шешімі бойынша шектелген, аукциондардың лотосы ретінде қойылғандары, олардың сатып алушыға өткізілген фактісі пайда болған жағдайда, жалпы қабылданған ретте қосарланған құн салығын салуға жатқызылады. Мұндай жағдайда салық төлеуші тауарларды жөнелтуді жүргізген тұлға болып табылады. Бұл орайда салық салынатын айналыстың мөлшері осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес айқындалады.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ екінші және үшінші абзацтармен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың бірінші абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 Бұйрығымен. V990963_

6. Осы нұсқаулықтың 31 тармағының, 31-1-тармағына сәйкес салықтан босатылғанынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шоттарына сәйкес импортталатыннан басқа импортталатын тауарлар салық салынатын импорт болып табылады.<*><*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 Бұйрығымен. V990963_

7. Егер тауарлар салық төленуге өзінің кәсіпкерлік қызметінің мақсаттары үшін берілсе, бірақ оларды ол немесе өзге адамдар жеке мақсаттары үшін өтемсіз пайдаланса, онда аталған тауарларды пайдалану салық салынатын айналым ретінде қарастырылатын болады.

8. Шаруашылық жүргізуші субъекті - қосылған құнға салынатын салықты төлеуші қызметі тоқтатылған жағдайда, оның тауарларының қалдығы бюджетпен есеп айырысу мақсатында салық салынатын айналым ретінде қарастырылады.<*>

Мысалы: Салық төлеушінің кәсіпорынды жою сәтінде 100 мың теңге мөлшерінде өткізілмеген тауарлар қалдығы болып, сол бойынша 20 мың теңге салық бұрын есепке жатқызылады (қосылған құнға салынатын салық бойынша төлемдерді азайтуға). Бюджетпен түпкілікті есеп айырысқанда 20 мың теңге мөлшеріндегі қосылған құнға салынатын салық сомасы бюджетке төленуге тиіс.
< * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

## III-бөлім. Салық төлеушілер

9. Қосылған құн салығын төлеушілер заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ қосылған құн салығы салынатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жүзеге асыру жөнінде айналысы бар, тұрақты мекеме арқылы іс-әрекетін жүзеге асыратын резидент еместер болып табылады.

Заңды тұлғалар мыналар:

а) толық серіктестік;

б) коммандиттік серіктестік;

в) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

г) қосымша жауапкершілікті серіктестік;

д) акционерлік қоғамдар;

е) еншілес және тәуелді шаруашылық серіктестігі;

- өнеркәсіптік кооперативтер;
- мемлекеттік кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар;
- коммерциялық емес ұйымдар;
- шетелдік кәсіпорын немесе бірлескен кәсіпорын нысанында құрылған шетел қатысатын кәсіпорын.

Тұрақты мекемесі арқылы Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері белгіленген тәртіппен қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлға болып Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

9-1. Қосылған құн салығын төлеушілерге өз өндірісі тауарларын ( жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сату бойынша айналым негізінде біртұтас жер салығын төлеушілер жатпайды. Біртұтас жер салығын төлеушілер өз өндірісі емес тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сату бойынша айналым негізінде жалпы белгіленген тәртіпте қосылған құн салығын төлеуді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ: 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс

министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 Бұйрығымен. V990963_

9-2. Қазақстан Республикасының резиденті бюджетке төленетін салығын оларға тауарларды (жұмыстарды және қызмет көрсетулерді) жеткізілген есепті кезеңге жүргізіледі.<*>

Қосылған құнның салығын төлеу аталған осы бейрезиденттер осы тіркелмеген бейрезиденттерге немесе басқа тұлғаларға аударған қаражаттарының есебінен жүргізіледі. Салық салынатын айналыс бейрезиденттің сатып алушы төлеушілердің қосылған құн салығынан алатын кірісі болып табылады.<*>

Бұл тәртіп Қазақстан Республикасының резиденті сыртқы шарттар сондай-ақ осы Нұсқаудың 16-тармағында қарастырылған тауарлар, жұмыстар немесе қызмет көрсетулер үшін төлеу жағдайларында бойынша республика аумағында әкелінетін импорт тауарларға төленген жағдайда қолданылады.<*><*>

Егер Қазақстан Республикасының резиденті қосылған құнға салынатын салықты төлеуші болып табылса, онда резидент үшін қосылған құнға төленетін салық сомасы оның бюджетке төленген фактілерін растайтын құжаттар бар болған жағдайда қосылған құнға салынатын салық бойынша төлемдер есепке ( кемітіліп) қабылданады.<*>

Егер Қазақстан Республикасының резиденті қосылған құнға салынатын салық төлеуші болып табылмаса, резидент үшін және қосылған құнға төленген салық сомасы есепке қабылданбайды.<*>

ЕСКЕРТУ. III-бөлім 9а-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 9а-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ. 9а-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 9а-тармақтың бірінші абзацы алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 9а тармақ 9-2 тармақ болып саналды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 Бұйрығымен. V990963_

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңды тұлғалардың бөлімшелеріне дербес салық төлеушілер ретінде қарай алады.<*><*> < * >

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

11. Қазақстан Республикасының кеден аумағы импортты жүзеге асыратын, әрекетінің немесе кәсіпкерлік қызметінің фактісінен, бұған қарамастан заңды және жеке тұлғалар сондай-ақ, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асатын резидент еместер импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы бойынша салық төлеушілер болып табылады.<*><*><*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

12. Қосылған құн салығын төлеу жөніндегі міндеттеменің мүліктік кепілдігі бойынша:

а) кепілдік берушіде - кепілдік мүлкін алып алу (заем қаражаттарын өтеу мерзімінің бітуіне байланысты тапсырып беру) сәтінде пайда болады.

Бұл орайда кепілдік беруші кепілдік ұстаушыға осы нұсқаудың 48-тармағында белгіленген тәртіппен салық шот-фактурасын жазып беруге міндетті. <*>

Кепіл беруші салық шот-фактурасын салық ұстаушыға берілетін мүлік тиеу күнінен кешіктірмей көшіріп алады.<*>

Егер мүлік кепілі кепіл берушімен заем қаражаттарын өтеу мерзіміне дейін қолданса, және аталған мерзім ішінде кепіл ұстаушы алдындағы міндеттер оларға орындалмаса, онда мұндай жағдайда кепіл берушіге салық шот-фактурасы заем қаражаттарын өтеу мерзімі бітуі бойынша көшіріп алынады. Салық шот-фактурасында аталған кепіл берушіден кепіл ұстаушыға берілетін салынатын айналым мөлшері заем қаражаттары алынған мөлшерден ескеріліп айқындалады.<*>

Егер алынған заем қаражаттар мөлшері сатып алынған (нақты жиналған жұмсалған қаражаттар) мүліктер бағасынан төмен жағдайда, кепіл берушіден кепіл ұстаушыға берілген, осы Нұсқаудың 17-тармағына сәйкес кепіл беруші бюджетімен өзара есептер мақсатымен салынатын айналым мөлшері айқындалады.

б) кепілдік ұстаушыда - салық берушіден алынған кепілдік мүлкін өткізу сәтінде.

Бұл орайда кепілдік ұстаушы осы нұсқаулықтың XVI бөлімінде айқындалған тәртіппен салық беруші тапсырған салық шот-фактурасы бойынша қосылған құн салығының сомасын төлемдердің есебіне (кемітуге) жатқызуға құқығы бар.<*>

Кепілұстаушының салынатын айналым мөлшері сатылатын мүлік бағасы негізінде, бірақ оның сатып алынған бағасынан төмен емес мүлік кепілін сатуда айқындалады. Аталған мүліктің сатып алынған бағасы оларға процент бойынша есепсіз есептелетін берілген заем қаражаттары (кредит, несиелер) құны мөлшерінен ескеріліп айқындалады.<*>

Мысал: Ұйымға банк 120 млн. теңге көлемінде мүлікті кепілдікке кредит берді, оның 100 млн. теңгесі - мүліктің сатып алынған бағасы, 20 млн. теңге - кепіл берушіге салық шот-фактурасында көшірілген ҚҚС сомасы. Кредитті өтеу мерзімі біткенше банктен 110 млн. теңгеге, соның ішінде ҚҚС 18,3 млн. теңгеге мүлік сатып алынған. Салынатын айналым осы жағдайда сатып алынған бағасынан 8,3 млн. теңге төмен 91,7 млн. теңгені құрады. Демек, Банкке оның 8,3 млн. теңге өсуі мен 1,7 млн. теңге сомаға ҚҚС үстеп есептелетін жағында салынатын айналым түзетілуге салық органына берілген ҚҚС жөніндегі декларация жасау қажет.<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

13. Тәркіленген тауар өткізілген кезде осы тауарды өткізуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

## IV-бөлім. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою және есептен шығару<*>

ЕСКЕРТУ. IV-бөлім, 12-15а-тармақтары алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

## V-бөлім. Халықаралық шарттар

16. Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тауарлар, атқарылған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін уағдаласушы тараптармен келісілген мөлшердегі бағалар бойынша қосылған құнға салынатын салықты ескеріп, есеп айырысу көзделуі мүмкін.

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер үкіметінің арасындағы "Салық саясатының келісілген принциптері туралы" Келісімге сәйкес тауарлар және қызметтер үшін өзара есеп айырысу бұл елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында (басқа тәртіптер көздейтін, халықаралық келісімдер жасалған елдерден басқалары) қосылған құнға салынатын салықты ескере отырып (жаңа келісімдер жасалғанға дейін)

қойылатын бағалар (тарифтер) бойынша жүзеге асырылады.<*><*>

Мұның өзінде қосылған құнға салық сомасы қолма-қол ақша шот-фактуралары кезінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттерден төленген жеткізушілер (төлеуге тиісті) қосылған құнға салық бөлек жолмен бөлінгенде сатып алушыларда тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің), егер аталған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) кәсіпкерлік қызметпен байланысты, осы Нұсқаудың 36-тармағында көрсетілген сату бойынша айналымдар мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлардан басқа болса есепке енгізуге тиісті. Кей жағдайларда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттер Қазақстан Республикасында белгіленген асырылған ставкалар мөлшері салық ставкасының мөлшерінде қолданылады, Қазақстан Республикасы салық төлеушісіне ставкадағы айырмашылық сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) бағасының өсуіне және жалпы белгіленген тәртіпте енгізілуге тиісті шығындарға жатады.<*>

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша есепке тұрмаған шаруагер субъектілер жөнелткен (орындаған, көрсеткен) тауарлар (жұмыс, қызмет) бойынша есеп фактураларында, төлемге белгіленген басқа да есеп айырысу құжаттарында көрсетілетін қосылған құн салығының сомасы 1997 жылдың 1 қаңтарынан 1998 жылдың 17 шілдесіне дейінгі кезеңде қосылған құн салығы жөніндегі төлемдердің есептемесіне (кемітуге) жатқызылмайды және осындай тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) өткеру бағасы бойынша есепке алынады.< * >< * >

ЕСКЕРТУ. 16-тармақтың соңғы абзацы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ. 16-тармақтың екінші, үшінші абзацтары толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ үшінші абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 16-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 Бұйрығымен. V990963_

16-1. 16-тармақтағы Ережеге Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы үкіметаралық жасалынған келісім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттерден төленген жеткізушілер (төлеуге тиісті)

қосылған құнға сомасы қатынасында қолданылмайды.

Осы уақытта мұндай келісім жасалынған және мына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттер жұмыс істейді:

- Қырғызстан Республикасымен - Алматы қаласында 1997 жылғы 18 ақпанда қол қойылған Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісім Z980271_ 1997 жылғы 18 ақпаннан бастап уақытша күшіне енді, 1998 жылғы 18 желтоқсаннан бастап түпкілікті күшіне енді;

- Әзірбайжан Республикасымен - Алматы қаласында 1997 жылғы 9 маусымда қол қойылған Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісім Z980239_ 1998 жылғы 9 шілдеден бастап күшіне енді;

- Молдова Республикасымен - Кишенэу қаласында 1997 жылғы 12 маусымда қол қойылған Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісім Z980290_ 1998 жылғы 25 қарашадан бастап күшіне енді;

1997 жылғы 13 мамырда Киев қаласында Украинамен тауарлардың ( жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты және импорты кезінде жанама салықтарды алу принциптері туралы қол қойылған Келісім 1999 жылғы 31 мамырдан бастап күшіне енді.<*>

1997 жылғы 13 мамырда Минск қаласында Беларусьпен тауарлардың ( жұмыстардың) экспорты және импорты кезінде жанама салықтарды алу принциптері туралы қол қойылған Келісім 1999 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енді.<*>

Аталған келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасынан Тауарлардың ( жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты жоғарыда аталған мемлекеттердің аумағына нөлдік ставка бойынша қойылған құнға салық салынады, ал аталған мемлекеттерден Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импорты Қазақстан Республикасы аумағында жалпы белгіленген тәртіпте қосылған құнға салық салынады. Мұның өзінде қосылған құнға салық кедендік ресімдеу кезінде төленген есепке енгізілуге тиісті.

ЕСКЕРТУ. 16-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 16-1-тармақ өзгертілді және алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

16-2. Тауар бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының

мүше-мемлекеттерінен (16-1 тармағында көрсетілген мемлекеттерден басқа) импортталатын қосылған құнға салық төлеу оның Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінгенде жүргізіледі, кедендік ресімдеу кезінде салық сомасына төленген, сол сияқты шот-фактураларында аталған жеткізушілер қосылған құнға салық сомасы есепке енуге тиісті.

Тоқыма, тігін, тері-аяқ киім өнеркәсібінде пайдаланылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері-мүшелерінен импортталатын тауарлар бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен тапсырушы төлеуге тиіс салық сомасы шығындарға жатқызылады. Қазақстан Республикасына әкелінетін аталған тауарларды кедендік ресімдеу кезіндегі қосылған құн салығын төлеу жағдайында төленген салық сомасы қоса есептеуге жатқызылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 16-2 тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 16-1-тармақ өзгертілді және алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

## VI-бөлім. Салық салынатын айналымның мөлшері

17. Салық салынатын айналым оларға қосылған құн салығын енгізбестен қолданылатын бағалар мен тарифтерден шыға отыра сатылатын тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетулердің құны негізінде, бірақ сауда-делдалдық қызметі үшін оларды сатып алудың төмен емес бағасынан белгіленеді.

Салық салынатын айналымға осы Нұсқаудың 31 және 32 тармақтарымен қарастырылған жағдайлардан тыс тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызмет көрсетулер бойынша келісім-шарттармен қарастырылған шарттарды бұзғаны үшін айыппұлдарды, өсімдерді, тұрақсыздық айыптарын қоса осы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сатып алушысынан сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін алынған барлық қаражаттар енгізіледі.

Сатып алу бағасын белгілеуді салық төлеуші бухгалтерлік есеп мәліметтері негізінде жүргізеді.

Салық салу мақсаттары үшін сатып алу бағасы өзіне тауарлардың сатып алу құнын, сондай-ақ олар осы Нұсқауға сәйкес қоса есептеуге жатқызылған қосылған құн салығы сомасы бойынша және қосылған құн салығы сомасын көрсете отыра салықтық шот-фактуралары қойылған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізушілер ол бойынша оларды сатып алу және сатумен

байланысты шығыстар құнын қосады.

Тауарлар алумен байланысты шығыстарға тауарлар әкелу кезіндегі тікелей тауарлар алумен байланысты көліктік-дайындау шығыстары және басқа да шығыстарда төленген салықтар және баждар жатады.

Тауарларды сатумен байланысты шығыстар өзіне салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметімен байланысты олармен есепті кезең үшін (81 тармақ бөлімшесінің "Тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шығыстары" шоттары және 82-ші "Жалпы және әкімшілік шығыстары") кезең шығыстарына жатқызылады.

Сауда-делдалдық қызметі үшін алу бағасынан төмен экспорттық операциялар бойынша тауарларды сату кезінде сату бағасы мен сауда-делдалдық қызметі үшін алу бағасы арасындағы айырым осы Нұсқаудың 39 және 41-1 тармақтарында қарастырылған ставкалар бойынша қосылған құн салығы салық салынуына жатады.

ЕСКЕРТУ: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

18. Тауарларды, атқарылған жұмысты немесе көрсетілген қызметті алмасу кезінде немесе олардың өтемсіз беру кезінде салық салынатын айналым салық төлеушінің айырбастау немесе беру кезінде қалыптасқан, бірақ іс жүзіндегі шығындарынан төмен болмайтын қосылған құнға салынатын салық енгізілген бағаның деңгейінде анықталады.

Барабар емес алмасу кезінде салық салу мақсаты үшін салық салынатын айналыс тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) ең жоғары құны негізінде айқындалады, бірақ оның мөлшері жөнелтілген тауарлардың іс жүзінде жинақталған шығындарынан кем болмауға тиіс.<*>

Мәселен А кәсіпорыны Б кәсіпорынына құны 5000 теңгелік Б кәсіпорнынан алынған тауардың орнына құны 3000 теңгелік тауар жөнелткен. Салық салу мақсаты үшін салық салынатын айналысқа мыналар енгізіледі:<*>

- А кәсіпорнында - Б кәсіпорынынан алынған тауарлардың құны бойынша жөнелтілген тауарлардың құны, яғни 5000 теңге;
- Б кәсіпорынында - А кәсіпорынына жөнелтілген тауарлардың құны, яғни 5000 теңге.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ абзацтармен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің

Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

18-1. Салық төлеуші нақты қалыптасқан шығындарды белгілеуді бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша жүргізеді.

Нақты қалыптасқан шығындар өзіне 80 тармақ бөлімшесінің "Сатылған тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің өзіндік құны" тиісті шоттарындағы көрсетілген өзіндік құнын, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметімен байланысты салық төлеушінің және олармен есепті кезең ("Тауарлар сату, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шығындар" 81 тармақ бөлімшесінің және 82 "Жалпы және әкімшілік шығындары" шоттары) үшін кезең шығыстарына жатқызылған шығындары қосылады.

Есепті кезең шығыстары аталған есепті кезең үшін сатудың (қосылған құн салығынсыз) жалпы құнындағы есепті кезеңде оларды тегін беру кезінде немесе баспа-бас операциялар бойынша сатылған өнімнің үлесті салмағы құнынан ( қосылған құн салығынсыз) шыға отыра сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) нақты қалыптасқан шығындарын қосады.

ЕСКЕРТУ: 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

19. Егер тауарлар салық төлеушіге өзінің кәсіпкерлік қызметінің мақсаттары үшін берілсе, бірақ оларды салық төлеуші немесе өзге адамдар жеке мақсаттары үшін өтемсіз пайдаланса, онда аталған тауарларды пайдалану осы тауарларды өткізу жөніндегі айналым ретінде қарастырылатын болады. Бірақ іс жүзіндегі шығындарынан төмен болмауы тиіс.

19-1. Мүліктері бөлінген, жоғалған (табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болған жағдайлардан басқа жағдайларда) жағдайда осы мүліктің құны мен шығындар мүлік құнынан және нормативтен тыс шығындардан, бірақ нақтылы орын алған шығындардан төмен емес, шыға отырып көлемі айқындалатын, айналысқа салық салу ретінде қарастырылады.<*>

Негізгі қор ретінде сатып алынған жеңіл автомобильдердің жоғалуы, бұзылуы кезінде, сонымен қатар, ғимараттың қираған кезінде, олардың қалдық сомасына қосымша құн салығы салынбайды, егер көрсетілген мүлік бұрынырақ қосымша құн салығымен сатып алынса.<*>

ЕСКЕРТУ. 19а-тармақ екінші абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ: 19а-тармақ 19-1-тармақ болып есептелінді және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

19-2. Шаруашылық жүргізуші субъектілер тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізген жағдайда тауарларды, (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) және сатып алушыдан алынған салық сомасы бойынша есептелген

салық сомасы арасындағы пайда болған айырмашылық оларды сатып алу ( нақтылы орын алып отырған шығындар - баспа-бас айырбас кезінде немесе оларды тегін беру кезінде) бағасынан төмен болған жағдайда бюджетке қайтаруға жатады және салық салынатын табысты айқындау кезінде шегеріп тастауға жатпайды.<*><*>

ЕСКЕРТУ. 19а-19б-тармақтармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ: 19б-тармақ 19-2-тармақ болып есептелінді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

20. Қызметінің тоқтатылуы жағдайда, оның тауарларының қалдығы, соның ішінде негізгі қаражаттар мен материалды емес қаражаттар бюджетпен есеп айырысу мақсатында салық салынатын айналым ретінде қарастырылады және олардың құны іс жүзінде қалыптасқан шығындардан төмен болмайтын баға бойынша анықталады.<*>

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

21. Өзі өндірген, сондай-ақ сатып алынған тауарлармен заттай түрінде жалақы төленген жағдайда салық салынатын айналым тауар берілген күнге қолданылған бағаны негізге ала отырып анықталған тауар құны болып табылады.

22. Құрылыс, құрылыс-монтаждау және жөндеу-құрылыс ұйымдары үшін орындалған және тапсырыс берушілер қабылдап алған жұмыстардың құны салық салынатын айналым болып табылады. Егер ғимараттың құрылысын мердігерлік ұйым жүзеге асырған және бұл орайда тапсырысшы мердігерлік ұйымды құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге міндеттенген жағдайда бұдан бұрын қосылған құн салығын төлеген, аталған құрылыс материалдарын тапсырып беру қосылған құн салығы есептелмеген баға бойынша жүргізіледі. Бұдан әрі орындалған жұмыстардың актілері төленгенін қабылдауға байланысты, құрылыста пайдаланылған материалдардың есебіне бұрын жатқызылған қосылған құн салығы алдын ала тежеуге және салынып жатқан (салынған) объектінің құнына енгізуге жатады. Мердігерде мұның өзінде мұндай құрылыс материалдарының құны атқарылған жұмыстар актісінде бөлек жолмен көрсетіледі және салық есептеу мақсаттарында салынатын айналымға қосылған құнға қосылмайды.<*><*>

Шаруашылық тәсілмен орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарына қосылған құнға салынатын салық салынбайды. Бұл орайда объектілерді салу үстінде

пайдаланылған материалдар мен қызметтер бойынша бұрын есептеуге ( төлемдерді азайтуға) жатқызылған қосылған құнға салынатын салық сомасы шегеріліп, құрылыс құнын арттыруға жатқызылады. Салықтың аталған сомасын алдын ала тежеу объектінің құрылысына тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жөнелтілуіне қарай жүргізіледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970058_

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақтың бірінші абзацы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

23. Сырттан келетін шикізат пен материалдардан тауарлар жасау кезінде салық салынатын айналым дегеніміз оларды өңдеу құны болып табылады.<*><*>

Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан ұқсату үшін әкетілген тауарлар, егер олардың "Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары өңдеу кеден аумағында жүзеге асырылған жағдайында қосылған құн салығы салынатын объекті болып табылмайды".<*>

Алыс-беріс шикізатынан өндірілген тауарларды ұқсату жөніндегі қызметтерге ақы төленген жағдайда бұл тауарлардың құны салық салынатын объект ретінде қаралады.<*>

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ екінші және үшінші абзацтармен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ бірінші абзацы толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 23-тармақтың бірінші абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

24. Жылуды, электроэнергиясын, суды және газды өндіру, тарату және тасымалдау бойынша қызмет көрсету негізіндегі салық салынатын айналым өзіне ол бойынша төлеу жүргізілген сату негізіндегі айналымдарды, сондай-ақ олардың сату сәті 60 күнде аяқталған айналымдарды қосады.

Машина жасау химия өнеркәсібі өнімдерін шығару мен сату және резиналық

пен пластмассалық бұйымдарды шығару бойынша салық салынатын айналым өзіне ол бойынша төлеу жүргізілген сату негізінде айналымдарды, сондай-ақ олардың сату сәті 90 күнде аяқталған айналымдарды қосады.

ЕСКЕРТУ: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

24-1. Осы Нұсқаудың 24-тармағында көзделген Ережелер 1999 жылдың 3 тамызынан бастап жүзеге асырылған сату бойынша айналымдарға қолданылады.

ЕСКЕРТУ: 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

25. Сату бағасы мен есептік құнның (инфляция ескеріліп) арасындағы айырма түріндегі табыс қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке осы Нұсқаудың 16 тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, алу көзделмеген тауарларды сату кезінде салық салынатын айналым болып табылады. Мұның өзінде тауарлардың есеп құны олардың сату сәтіндегі тауарлардың баланстық құны, ал негізгі қаражаттар мен материалды емес қаражаттарға оның қалдық құны болып табылады.<*>

1-мысал:

Кәсіпорын қызметкерлердің жалпы пайдалануы үшін 20 теңге сомасында қосылған құнға салынатын салықпен қоса бағасы 120 теңге спорт жабдығын сатып алды. 20 теңге сомасындағы салық есептеуге (төлемді азайтуға) жатқызылмады, өйткені аталған тауар кәсіпкерлік қызмет мақсатына жатпайды. Аталған тауар 150 теңгеге сатылған кезде қосылған құнға салынатын салық салынатын объект 20 процент ставка бойынша салық салынуға тиіс бағадағы айырма болып табылады: 150-120=30 теңге, бұл жағдайда қосымша құнға салынатын салықтың сомасы 5 теңге болады (30 х 20/ : 120)).

2-мысал.

Қосылған құнға салынатын салықты ескере отырып, бағасы 120 мың теңге 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған негізгі құрал-жабдықтарды, ғимараттардан басқа бұл бойынша салық есепке алынбаған 150 мың теңге сатылған жағдайда салық салынатын айналым бағадағы 30 мың теңге болып табылады. Бұл орайда, қосылған құнға салынатын салықтың есептелген сомасы 5 мың теңге (30000 х 20 / : 120 )).<*>

Егер негізгі құралдар қосылған құн салығынсыз бағалар бойынша 1995 жылдың 1 маусымына дейін сатып алынған болса, оларды сататын кездегі қосылған құн салығы алынатын объект қосылған құн салығын оларға қоспастан сатылған кездегі қолданылатын бағаларға қарап анықталатын болады, бірақ,

есепті құнынан төмен (инфляцияны ескере отырып) болмауға тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақтың бірінші абзацы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

26. Өнеркәсіптік-өндірістік мұқтаждар үшін қосылған құнға салынатын дербес салықты төлеуші болып табылмайтын осы кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлігі (заводішілік айналыс) кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлігі өнімдерді, жартылай фабрикаттарды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналыстардың қосылған құнына салынатын салыққа жатпайды.<*>

Кепілдік бағасы бар, көп айналысты ыдыс жөніндегі қосылған құн салығының сомасын оны сатушыға өткізу кезінде жасаушы ұйымдар төлейді.<*>

Кепілдік бағасы бар көп айналысты ыдысты, оның ішінде әйнек ыдысты өз өнімдері үшін пайдаланатын ұйымдарда, егер алушыға жіберілетін дайын өнім ыдысының құны оны сатып алу құнына тең болса, ыдыстың құны салық салынатын айналысқа енгізілмейді. Мұнда өз өнімін өткізуге арналған ыдысты пайдаланатын сатып алушыда ыдысты жасаушы берерменге төлеген қосылған құн салығы есептемеге жатқызылмайды.<*>

Өнімді жөнелту кезінде ыдыстың құны өзгерген (ұлғайған немесе кеміген) жағдайда ыдыстың құны салық салынатын айналысқа қосылмайды және жалпы белгіленген тәртіппен қосылған құн салығы салынады.<*>

Бір рет пайдаланылатын ыдыстарға (қораптарға, полиэтилен қапшықтар мен басқа да орағыш заттарға) жалпы белгіленген тәртіппен құн салығы салынады.<* >

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

26-1. Акцизделетін өнімдерді шығаратын және сататын төлемшілерде салық салынатын айналым мөлшеріне акциз сомасы енгізілмейді. Жеткізуші төлеген акцизделетін өнімнің акциз сомасы оны одан кейін сату кезіндегі салық салынатын айналымға енгізіледі.

ЕСКЕРТУ: 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

## VII-бөлім. Салық салынатын айналымға түзету енгізу

27. Сатылған тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің бағасы мына не келесі жағына өзгерген жағдайда тиісті ретпен салық салынатын айналым мөлшері түзетіледі.

Салық төлеушідегі салық салынатын айналым түзетілуі шетел валютасындағы осындай төлем алған жағдайлардан басқа жеткізілген тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлем алу сәтінде жүргізіледі. Салық салынатын айналымды жүргізетін салық төлеуші сатып алушының бұрын қойылып берілген салықтық шот-фактурасына қосымша салық шот-фактурасын жазып беруге міндетті, оның негізінде сатып алушыда қоса есептеуге жатқызылған салық сомасы түзетіледі. Қосымша салық шот-фактурасы "Д" белгісімен жазылып беріледі, оның нақты жазылып берілген күнімен белгіленеді және бұрын қойылып берілген салықтық шот-фактурасының нөмеріне сілтеме бар, оған қосымша салық шот-фактурасы жазылып беріледі.

Сауда-делдалдық қызмет бойынша салық салынатын айналым түзетуі тауардың алу бағасынан төмен жүргізілуі мүмкін емес.

Кішірейту жағына салық салынатын айналымды түзету сауда шегерімдерін ұсынуға (алуға) растайтын құжаттардың барлығы кезінде жіберілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ: 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

28. Салық төлеуші есептеу әдісін қолданған кезде, жөнелтілген тауарлар, атқарылған жұмыс немесе көрсетілген қызмет үшін төлемақы алынған жағдайда, салық төлеуші күмәнді талаптар бойынша қосылған құнға салынатын салық сомасының есебіне жатқызу құқын пайдаланған соң салық салынатын айналым аталған төлемнің құнына өсірілуге тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

## VIII-бөлім. Салық салынатын импорттың мөлшері

29. Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын тауарлар ( мүлік), халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, қосылған құнға салынатын салық салынуға жатады.

Қазақстан Республикасындағы кеден заңдарына сәйкес анықталатын тауарлардың кеден құны, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тауарларды импорттау кезінде төлеуге жататын алымдардың сомасы салық салынатын импорт мөлшерінде енгізілді.<*>

ЕСКЕРТУ: 29-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929

Бұйрығымен. V990963_

30. <*>

ЕСКЕРТУ: 30-тармақ алынып тасталсын - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

IX-бөлім. Қосылған құнға салынатын салық төлеуден босатылған айналымдар мен импорт<*>

31. Мынадай тауарларды, жұмыстарды, және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналыс құнына салынатын салықтан босатылады:

1) Қонақ үйде тұрған ақыдан, учаскені айырмалау және автокөлікті немесе өзге де көлік құралдарын сақтау үшін берілетін ақыдан, учаскенің кәсіпкерлік қызметпен айналысуға берілетін ақыдан басқа үйлерді сату, иелік құқық және жерді пайдалану, сондай-ақ үйлерді жалға алу және (немесе) жер учаскелері салынған объектіні бірінші сату.<*>

Ғимаратты жалға бергені үшін төленетін төлемдер амортизациялық аударымдар мен жалға беру процентінің (кірістің) сомаларынан құралатын төлем деп ұғынылады.

Үй атауы еңбек, тұрғын үй, тұрғындарға әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету және материалды құндылықтарды сақтаудан тұратын архитектуралық-құрылыс объектісі болып түсініледі.<*>

Осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес пәтер меншік кооперативтерінің ( ПМК) тұрғындардан алған және кооператив мүшелері тұрып жатқан тұрғын үйлерді ұстауға және пайдалануға арналып алынған қаражаттар қосылған құнға салынатын салықтан босатылады. ПМК-ның сыртқа көрсетілген қызметтері жалпы белгіленген тәртіпте қосылған құнға салынатын салық алуға жатады.

Салынған объектінің бірінші сатуы болып тапсырыс беруші объектіні қабылдау бойынша комиссияның қол қою актісінің сәті танылады.<*>

Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде рыноктағы тауарлар саудасында жер учаскесінің (жері) берілуі жалпы белгіленген тәртіпте қосылған құнға салынатын салық.<*>

2) сейфтік операциялардан, сондай-ақ құнды қағаздар сақтау бойынша қаржылық қызмет көрсетулер.<*>

Қаржылық қызмет көрсетулер былай түсіндіріледі:

а) банкілік операциялар;

б) құнды қағаздармен операциялар;

в) сақтандыру және сақтандырылып қою бойынша операциялар;

г) чектер, вексельдер, депозитті сертификаттар айналысымен байланысқан операциялар;

д) лизинг (қаржылық жал);

е) зейнеткерлік қаражаттар басқармасы бойынша қызмет көрсетулер.

Зейнеткерлік қаражаттар өзіне зейнеткерлік қор жинау қорында зейнеткерлік төлеуді қамтамасыз ету мен жүзеге асыру үшін белгіленген қаражаттар қосады.

Банкілік операцияларға мыналар жатады:

а) заңды тұлғалар депозиттерін қабылдау;

б) жеке тұлғалар депозиттерін қабылдау;

в) банкілік операциялардың жеке түрлері, сондай-ақ банкілердің металды есептері жүзеге асырылатын банкілер мен ұйымдарда корреспонденттік есептер ашу мен жүргізу;

г) кассалық операциялар: қабылдау, қайта есептеу, майдалау, ауыстыру, сұрыптау, қаттама және банкнот пен монет сақтау;

д) аударма операциялары: ақша аудару бойынша заңды және жеке тұлғалардың тапсырманы атқаруы;

е) есеп операциялары: вексельдер және өзге заңды және жеке тұлғалардың міндетті борыштары есебі (дискон);

ж) несие операциялары: ақша қалпында кредиттер беру;

з) жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде олардың банкілік есебі бойынша банк-корреспонденттер тапсырмасы бойынша есептер жүзеге асырылады;

и) сенімді (трастылық) операциялар: мүдделер мен сенімхат беруші тапсырмасы бойынша ақшалар басқармасы;

к) клиринг операциялары: алым, салыстырып тексеру, сұрыптау және төлемдерді растау, сондай-ақ олардың өзара есеп жүргізу және клиринг қатысушыларының бос позициясы айқындалады;

л) ломбард операциялары: депозитке салынатын жеңіл сатылатын құнды қағаздар мен жылжымалы мүліктерді кепілге қысқа мерзімді кредиттер беру;

м) төлем карточкаларының шығарылымы;

н) шетел валюталарымен ауыстыру операцияларын ұйымдастыру;

о) төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) инкассамен қабылдау;

п) чек кітапшаларының шығарылымы;

р) құнды қағаздар рыногында клиринг қызметі;<*>

с) инкассация.

2-1) Бағалы қағаздармен операцияларға бағалы қағаздар рыногы мәселелерін реттейтін, Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша операциялар, оларды есептеу және олармен келісімдерді тіркеу бойынша операциялар, брокерлік, дилерлік қызмет көрсетулер және басқа операциялар.<*>

2-2) Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын, банк немесе ұйым болып табылмайтын заңды және жеке тұлғаларда депозит үшін сыйақы ( мүдде) сату бойынша жалпы айналымға енгізілмейді.<*>

3) почта маркалары (коллекциялық маркалардан басқалары), маркіленген конверттер және открыткалар;

4) егер олар балаларды, қарттарды және мүгедектерді қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі қызметтерді, мәдениет, ғылым, дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметтерді көрсетуге, діни ұйымдардың жоралғылар мен рәсімдер өткізуіне байланысты болса, коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын жұмыстар немесе қызмет көрсетулер.<*>

5) мемлекеттік баж алуға байланысты оған өкілетті органдардың орындайтын қызметтері;

нотариалдық кеңселердің қызмет көрсету кезінде мемлекеттік баж алынбайтын қызметтеріне жалпы белгіленген тәртіппен қосылған құн салығы салынады.<*>

6) жерлеу-рәсімдік қызмет көрсетулер, жерлеу және крематорий қызметтерін көрсету;

7) геологиялық барлау және геологиялық іздеу жұмыстары. Бұл жеңілдік геологиялық барлау ұйымдарына, сонымен қатар геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жөнінде қызмет көрсетуші қосалқы мердігерлерге қолданылады.

Геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарына мыналар жатады:

- жер қойнауының жай-күйіне мониторинг жүргізу, сейсмикалық болжам жасау;

- геологиялық, географиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық түсірімдер;

- пайдалы қазбалардың болашағын анықтау мақсатында республика аумағының геологиялық құрылымын зерделеу;

- теңіз геологиялық-геофизикалық, ғылыми және тақырыптық зерттеулер;

- ғылыми-геологиялық зерттеулер;

- жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізі болып табылатын мемлекеттік геологиялық карталарды жасау;

- пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіру және барлау, оларға баға беру;

- геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті заттарды тасымалдау;

- геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарына қатысты лабораториялық, топография-геодезиялық, карто жасайтын, бұрғылау, кен ұңғылау және басқа жұмыстар;

- пайдалы қазбалар өндірілетін кен орнын дайындауға байланысты жұмыстар.

Бұл орайда арнаулы, ілеспе жұмыстарды және шығындарды, олардың көлемі мен құнын қоса, геологиялық жұмыстардың нақты түрлерінің тізбесі есептеліп, зерттеудің және геологиялық объект ерекшеліктерінің ғылыми-техникалық мүмкіндіктердің геологиялық жұмыстарды жүргізуге қойылатын геологиялық әдістемелік талаптардың жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптардың мақсаттарын ескере отырып, әрбір геология (ғылыми-геологиялық) объектінің жобалық-сметалық құжаттары айқындалады. Арнаулы жұмыстардың жекелеген түрлері (сызба-рәсімдеу, сараптау және т.б.) басқа да мамандандырылған кәсіпорындардың күштерімен орындалуы мүмкін және барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарының үлесі болып табылады. Бұл жұмыстардың орындалу қажеттігі геологиялық объектінің жобалау-сметалық құжаттарында негізделеді және көрсетіледі. Бұл орайда жеңілдік геологиялық барлау ұйымы мен осы жұмыстардың орындалуына арналған шарттар тікелей жасалғанда ғана қолданылады.<*>

8) лотерея билеттерін сату бойынша айналыстар, оларды сату бойынша көрсетілген қызметтерден басқалары;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналыстар;

10) Қазақстан Республикасының Ерікті мүгедектер қоғамының Асырауында балалары бар мүгедек әйелдердің республикалық қоғамы "Бибі-ана", Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаттары есебінен құрылған өндірістік ұйымдардың тауарлар сату (жұмыс орындау, қызмет көрсету) бойынша айналымдары, бұған сауда-делдалдық қызметіндегі тауарлар сату ( жұмыс орындау, қызмет көрсету) жөніндегі айналымдар және акцизделетін тауарларды өндіру мен сату жөніндегі айналымдар қосылмайды;

11) тауарларды немесе жолаушыларды халықаралық тасымалдауға байланысты қызмет көрсету және жұмыстарды орындау жөніндегі айналыстар.

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда қарастырылған жағдайларды қоспағанда халықаралық тасымалдауға байланысты төменде аталған жұмыстар мен қызметтер қосылған құн салығынан босатылады:

- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Қазақстан Республикасының кеден аумағынан экспортталатын (импортталатын) тауарларды тасымалдауға (оның ішінде құбырлы тасымал), тиеуге, түсіруге, қайта тиеуге байланысты қызметтер, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден (өзге де жағдайлар көздейтін халықаралық келісімдер жасалған елдерді қоспағанда) тысқары шығарылатын транзиттік жүктерді қамдауға байланысты қызметтер олар бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттарымен

рәсімделген жағдайда ғана.

Тауарларды тасымалдауда құбырлы тасымал көлігі пайдаланылған кезде жеңілдікті пайдалану үшін негіздеме тауар берушімен оны Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден тысқары (өзге де жағдайлар көздейтін халықаралық келісімдер жасалған елдерді қоспағанда) тасымалдауға жасалған келісім-шарт (шарт), тасымалдауға арналған тауардың алынғанын растайтын құжаттар, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы тауар нысанды жеріне өтетін транзиттің тасымалдаушы мемлекеттерімен жасалынған жүк тасымалына келісім-шарт бойынша есеп жүргізуді (шот-фактура және (немесе) төлемдік тапсырма) растайтын құжаттар болып табылады:<*>

- халықаралық қатынаста, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында почтаны және жолаушылар мен олардың жүктерін тасымалдау жөніндегі қызметтер, олар бірыңғай халықаралық тасымалдау және қайта тасымалдау құжаттарымен рәсімделген жағдайда ғана;

- шетелдік әуе кемелерін жүргізу (шетелдік кемелерді жүргізу үшін штурмандар беру);

- халықаралық қатынастарға техникалық, коммерциялық, аэронавигациялық және аэроайлақ қызметін көрсету (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше басқа да мемлекеттердің жүзеге асыратын қатынастарын қоспағанда);

- жанар-жағар материалдар жөнінде салық төлеуден босату жөніндегі жағдайлар айтылатын әуе қатынастары туралы жасалған халықаралық келісімдерге сәйкес ресми тасымалдаушы болып тағайындалған шетелдік компаниялардың жүзеге асыратын халықаралық қатынастарындағы ұшақтарға май құю қосылған құн салығынсыз баға бойынша жүргізіледі.<*>

12) мемлекеттік меншікті жекешелендіру;

13) жарғылық капиталға жарналар;

14) мектеп оқулықтар мен балалар әдебиетінің мектеп оқу құралдарын, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарына арналған, уәкілетті орган пайдалануға рұқсат берген оқу құралдарын шығару және сату бойынша айналым; <*>

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігімен " "Рауан" және "Атамұра" баспаларында басылып шығатын қазақ, орыс, ұйғыр және басқа тілдердегі барлық оқулықтар, оқу және әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар мектептер және орта арнайы оқу орындарында пайдалануға жіберілді.<*>

Жоғары оқу орындарында пайдалануға рұқсат етілген оқу құралдарының тізбесін айқындайтын уәкілетті орган болып ғылым және жоғарғы білім министрлігі саналады.<*>

"Балалар әдебиеті" түсінігі өзіне балалардың дүние танымының жалпы

дамуына әсер етуші оқу-танымдық әдебиеттің барлық түрлерін, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерге көмек, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыс жүргізу үшін енгізеді.<*>

15) "SOS-Қазақстан Балалар қалашықтары" қорының ұйымдастырылуына, құрылысына және жұмыс істеуіне байланысты қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының резиденттері сатып алатын тауарлар, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.

16) газет және журнал өнімдерін өндіру және өткізу жөніндегі айналыстары.

Жарнама жөніндегі қызметтерге, сондай-ақ газет және жарнама өнімдерін шығаратын ұйымдар көрсететін басқа да қызметтерге жалпы белгіленген тәртіппен қосылған құн салығы салынады.<*>

Осы жеңілдік шығарушы өзі сататын газет және журнал өніміне байланысты қолданылады. Тұтынушылар үшін осы өнімді жеткізу бойынша газет және журнал өнімін шығаратындар үшін көрсетілетін қызметтер жалпы белгіленген тәртіпте қосылған құн салығымен салық салынады.<*>

17) дәрілік субстанцияларды қоса, оның ішінде ішкі аптекалық дайындаудағы дәрілік заттар; протез-ортопедиялық бұйымдар; дәрілік заттарды шығару үшін материалдар; медициналық мақсаттағы және медициналық техникадағы өнімдер, сондай-ақ оларды шығару үшін материалдар және жинақтаушылар.

Дәрілік заттарға өзіндік фармакологиялық белсенділігі бар шыққан тегі (май, малдың майы, синтетикалық, минералдық, биотехнологиялық және басқа да) әртүрлі заттар және ауруларды емдеу-сауықтыру, аурудың түрін анықтайтын және емдеу үшін қолданылатын осы заттардың дәрілік формалары жатады. Бұдан басқа, дәрілік заттарға аурулардың түрін анықтау, емдеу-сауықтыру және ауруларды емдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын медициналық өнімдер де теңестіріледі.

дәрілік заттардың, протездік-ортопедиялық бұйымдардың, медициналық мақсаттағы және медициналық техникадағы өнімдер тізбесі, сондай-ақ оларды шығару үшін материалдар және жинақтаушылар осы Нұсқаудың 12-қосымшасында көрсетілген.

Дәрілік-субстанцияны қоса дәрілік заттар, сондай-ақ протездік-ортопедиялық бұйымдар негізінде қосылған құн салығы бойынша босату 1998 жылдың 18 шілдесінен бастап енгізіледі. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы және медициналық техника өнімдерін шығару үшін материалдар бойынша, сондай-ақ оларды шығару үшін материалдар және жинақтаушылардан босату 1999 жылғы 1 сәуірден бастап енгізіледі.

Жеңілдетілген салық салу тәртібіне көшкен кезде салық төлеушілер, олардың жалғыз қызмет түрі дәрілік-субстанцияларды қоса дәрілік заттарды шығару және сату, сондай-ақ протездік-ортопедтік бұйымдар болып табылатын және оларда

1998 жылғы 18 шілдедегі жағдай бойынша сатылған тауарлар негізінде есептелген салық сомасынан қоса есептеуге жатқызылған қосылған құн салығы асқан болса, аталған асу шеттетілуі тиіс және тауарлар құнына апарылады. Шеттетілу шілде айы (III тоқсан) үшін жасалған ҚҚС негізінде декларация бойынша 19а жолының 200 (1-97) нысаны немесе 11 жол 200S (5-97) нысанынан асқан сома көрсету жолымен жүргізіледі.

Егерде салық төлеушілердің қызметі дәрілік-субстанцияны қоса алғанда, сондай-ақ протездік-ортопедиялық бұйымдарды тек қана сату және (немесе) шығарумен байланысты жағдайда болса, онда аталған салық төлеушілер олардың салық салынатын көрсетілген құралдары мен бұйымдары бойынша жеңілдік жағдайларға көшкен кезде 1998 жылғы 18 шілдедегі жағдай бойынша аталған тауарлардың (осы нұсқаудың 55а-тармағына сәйкес импортталатын тауарлардан тыс) қалдықтарына түгендеу жүргізуі және аталған қалдықтар бойынша бұрын қоса есептеуге жатқызылған қосылған құнға салық сомасын айқындауы тиіс, ол одан кейін қоса есептеуден шығарылуы (шеттетілуі) қажет және тауарлардың құнына жатқызылуы қажет.

Осы мақсаттарда 1998 жылғы 18 шілдеден бастап салық төлеушілер сатылған дәрілік заттарының дәрі субстанцияларын қоса өнімдер атауы бойынша протездік-ортопедиялық бұйымдармен есебін жүргізуі тиіс. Егерде есепті кезеңде сатылған өнім атауы есепті кезеңнің басындағы қалдықтарда бар түгендеу тізімдемесіне сәйкес өнім атауымен сәйкес келсе, онда мұндай жағдайда міндетті тәртіпте ҚҚС сомасын қоса есептеген бұрын жатқызылған шеттетілу жүргізіледі, ал сатылған өнім сомасына келесі есепті кезеңге өткізілетін өнім қалдығына азайтылады.

Одан кейінгі әрбір есепті кезең басына түгендеу тізімдемесі бойынша атаулар негізіндегі тауарлар қалдықтарын айқындау бойынша ай сайынғы есеп айырысулар жоқ болған кезде декларация бойынша шеттетілуге жататын қосылған құнға салық сомасы 1998 жылғы 18 шілдедегі жағдай бойынша түгендеу тізімдемесі негізінде тауарлардың қалдығына келетін салық сомасынан аспағанда есепті кезеңде жүргізілген сату құнын ескере отыра айқындалады. Бұл жағдайда келесі есепті кезеңге өтетін тауарлар қалдығының құны есепті кезең мерзімінде жүргізілетін сату құнына есепті кезең басына түгендеу тізілімі бойынша бар тауарлар қалдығы құнын азайтумен айқындалады.

Шеттетілу 19а жолындағы 200 (1-97) нысанында немесе 11 жолдағы 200S (5-97) нысанындағы тауарлар қалдығы бойынша қоса есептеуге бұрын жатқызылған қосылған құнға салық сомасын көрсете отыра ҚҚС негізіндегі декларация бойынша жүргізіледі.

Жоғарыда аталған тәртіпте дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техникаларды өндіруді жүзеге асыратын,

сондай-ақ оларды өндіру үшін материалдар және жинақтаушыларды, сондай-ақ салық төлеушілер үшін 1999 жылғы 1 сәуірден бастап дәрілік заттарды өндіру үшін материалдарды өндіру және (немесе) сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін 1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап салудың жеңілдетілген тәртібіне көшу жүзеге асырылады. Медициналық мақсаттағы және медициналық техникалар, сондай-ақ өндіріс үшін материалдар және жинақтаушылар.

17-1) өкілдіктер мен жеке және заңды тұлғалар бойынша органдардағы анықтау жүргізу, алдын-ала тергеу және соттардағы қызмет көрсетулер;

18) түзету мекемелері жүргізетін өзі шығарған (жұмыс, қызмет көрсетулер) тауарларды сату бойынша айналымдар, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-түзеу жүйесінің түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарымен;<*>

19) білім беру қызметіне құқық беретін лицензия; бойынша жүргізетін заңды тұлғалармен, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметімен айналысатын жеке тұлғалармен мектепке дейінгі балалар, орта, арнайы орта және жоғары білім салаларындағы білім беру қызметтерін көрсету бойынша айналымдар.<*>

Орта және арнайы орта білім беру саласындағы білім беру қызметіне құқық беретін лицензия беру бойынша уәкіл орган болып Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі саналады.

Жоғары білім беру саласындағы білім беру қызметіне құқық беретін лицензия беру бойынша Қазақстан Республикасы ғылым және жоғарғы білім министрлігі уәкіл орган болып саналады.

20) медициналық қызмет жүргізуге құқық беретін лицензия бойынша косметологиялықтардан тыс жүзеге асыратын заңды тұлғалармен, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметімен айналысатын жеке тұлғалармен медициналық қызмет көрсету бойынша айналымдар.<*>

Медициналық қызмет көрсетуге құқық беретін лицензиялар беру бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі уәкіл орган болып, сондай-ақ оның аумақтық органдары саналады;

21) әскери бөлімдер үшін коммуналдық қызметтерді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын болып Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі саналады;<*>

22) осы Нұсқаудың 38-тармақшасында аталғандардан басқа аффинаждалған бағалы металлдар - алтын және платинаны сату бойынша айналымдар.<*>

ЕСКЕРТУ. 7)-тармақ толықтырылды, 11)-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақтың 2)-тармақшасы жаңа редакцияда жазылды, 4), 5)-тармақшалары жаңа абзацтармен және 16),

17)-тармақшалармен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 31-тармақтың толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 31-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

31-1. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылатын тауарлардың импорты:

1) ұлттық валютаның, шетел валютасының (нумизматтық мақсатта пайдаланылатындарынан басқасының), сондай-ақ бағалы қағаздардың импорты;

2) осы Нұсқаулықтың V тарауының ережелеріне сәйкес импортталатын тауарлар;

3) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды басшысыз әкелу нормаларына сәйкес нормалар бойынша тауарлар импорты;

4) республикалық және жергілікті бюджеттер қаржылары, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы займдар бойынша алынған технологиялық құрал-жабдықтар импорты.

Жеңілдік беру тәртібі "Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін тауарларға қатысты қосылған құнға салық және акциздер қолдану тәртібі туралы" V990743_ 1999 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің N 243 Нұсқауымен белгіленген";<*>

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз мұқтаждары үшін жүзеге асыратын тауарлар импорты;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ізгілік көмек ретінде әкелінетін тауарлардың акцизделетіндерін қоспағанда импорты;<*>

7) техникалық көмек көрсетуді қоса алғанда, мемлекет, үкіметтер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлардың акцизделетіндерін қоспағанда импорты;<*>

8) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес босатылатын, өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін әкелінетін тауарлардың импорты;

9) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін Қазақстан

Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кеден режимдерінің шеңберінде босатылатын тауарлардың импорты, бұған "Еркін айналысқа арналған тауарларды шығару" режимі қосылмайды.

10) дәрілік заттарды, дәрілік-қосалқы заттарды, оның ішінде дәріхананың ішінде жасалатындарын қоса, протездік-ортопедтік бұйымдарды; диагностикаға, дәрі өнімдерін шығару үшін материалдар; медициналық мақсаттағы және медициналық техникадағы өнімдер, сондай-ақ оларды шығару үшін материалдар және жинақтаушылар.<*>

ЕСКЕРТУ. 31а-тармақтың 6), 7)-тармақшалары өзгертілді және 10)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 31а-тармақтың толықтырылды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 31а-тармақ 31-1-тармақ болып саналды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

32. Егер салық төлеуші жұмыс істеп тұрған кәсіпорында немесе кәсіпорынның дербес жұмыс істеп тұрған бөлігін басқа салық төлеушіге берсе ( сатса), мұндай беру (сату) қосылған құнға салынатын салықтан босатылады. Осы Ереже жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен жасалатын құқықтарды қайта беруге де қолданылады.

Кәсіпорынның қызмет етіп тұрған жеке бөлімі деп онда функционалдық басшы белгілі функциялар, жұмыстар (өндірістік, технологиялық, әлеуметтік, жобалық және т.б.) шеңберін орындауды қарайды, ол кәсіпорынның басқа объектілерінен және басқа да құрылымдық бөлімшелерінен жеке кәсіпорын бөлімі түсініледі.<*>

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды немесе дербес жұмыс істейтін кәсіпорынның бөлігін беру (сату) бөлшектенген және алдын ала берілген немесе кәсіпорынның жойылған балансы негізінде қосылған құнға салынатын салықтан тапсырылатын активтерді, олардың жинақталатын көздерін және (немесе) оларға байланысты міндеттемелерді көрсете отырып босатылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 32-тармақтың толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс

министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

X-бөлім. Тауарлар экспорты

33. Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделгеннен басқа жағдайларда тауарлар экспортына нөлдік ставка бойынша салық салынады.

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар әкетілімі тауарлар экспорты болып танылады.<*>

Көлік ставка бойынша салық салу дегеніміз нөлге тең мөлшерде қосылған құнға салынатын салықты есептеу. Тауарларын нөлдік ставка бойынша өткізетін салық төлеушінің сатып алынған тауар-материалдық құндылықтар бойынша, кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын жұмыстар немесе қызметтер бойынша салық сомасын есепке алуға (бюджетке төлемдерді азайту) құқығы бар. Нөлдік ставка негізінде салық салынатын айналымдар бойынша салық төлеушіге осы Нұсқаудың 7-қосымшасында қарастырылған тәртіпте кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын алынған тауарлы-материалдық құндылықтар, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша қосылған құнға салық сомасы бюджеттен қайтарылуға жатады. <*>

Алыс шетелдерге тауарларды экспорттау кезінде нөлдік ставканы қолдану үшін негіз - салық төлеуші тіркелген орын бойынша салық органына мынадай құжаттарды тапсыру болып табылады:

а) экспортталатын тауарларды беруге шетелдік тұлғамен жасалған келісім-шарт (шарт);

б) экспорт режимінде тауар шығаруды жүзеге асырған кеден органының және Қазақстан Республикасының кеден аумағының сыртына тауар шығарылған өткізу кенті орналасқан қызмет аймағындағы кеден органының белгілері қойылған жүк кеден декларациясы.

Құбырлы өткізу көлігін немесе электр өткізу желілерін пайдалану не толық емес мезгілдік декларациялау рәсімдерін қолдану арқылы экспорт режимінде тауарлар әкетілген жағдайда, кедендік рәсімдеуді жүргізген кеден органының белгілері бар толық жүк кеден декларациясы тапсырылады;

в) Қазақстан Республикасының және тауар транзитпен өтетін мемлекеттердің шекаралық кеден органдарының белгілері бар, жүктің алыс шетелдің шекарасынан өткенін растайтын тауармен жүретін құжаттардың көшірмелері. Мұндай құжаттар коносамент, халықаралық автокөлікпен тасымалдау туралы халықаралық автокөлік жүкпарағы, халықаралық авиация жүкпарағы және теміржол жүкпарағы болып табылады.

Экспорт режиміндегі тауарлар құбырлы өткізу көлігін немесе электр өткізу желілерін пайдалану арқылы әкетілген жағдайда жүкпен жүретін құжаттар

көшірмелерінің орнына мұнайды қабылдау-өткізу актісі тапсырылады;

г) экспортталатын тауарларды (нөлдік ставка негізінде салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құнға салықты қайтару үшін негіз ретінде ұсынылады) беруге арналған келісім-шарт бойынша есеп айырысу жүргізілгенін растайтын құжаттар. Бұл құжаттар мыналар: - ақшалай түрде төленген кезде - тауарларды өткізу кіріс сомасын өтеу құжаттар тапсырылмайынша жүргізілмейді. < * >

Жанама салықтарды алу "арналған орны" қағидаты бойынша жүзеге асырылатын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше - елдерге тауарларды экспорттауға қатысты нөлдік ставканы қолдану үшін, жоғарыда аталған құжаттар, сондай-ақ экспорт режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген тауарлар импортталған елде рәсімделген жүк кедендік декларациясының көшірмесі тапсырылады.<*>

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар болған жағдайда экспорт осы шарттарда белгіленген тәртіппен қосылған құн салығы салынуы мүмкін. Тауарларды алдын ала жариялау жағдайында - алдын ала жариялаудың кедендік ресімдеуін жүзеге асыратын кедендік органның хаттық растауы, Қазақстан Республикасы аумағына тауарлардың нақты әкелуі туралы. < * >

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттеріне тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты 20 проценттік осы Нұсқаудың 39 және 41-1 тармақтарында қарастырылған, ставкамен қосылған құнға салынатын салық сомасы ескеретін бағалар (тарифтер) бойынша жүргізіледі.<*>

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы жекелеген мемлекеттердің арасында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) экспорттаған кезде жанама салықтарды алудың қағидаттары туралы үкіметаралық келісімдер жасалған, соларға сәйкес бір мемлекеттің аумағынан басқа мемлекеттің аумағына тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортына нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады.

Жұмыстар мен қызметтерге қатысты құн салығының нөлдік ставкасы олар іске асырылған орынға қарай қолданылады. Жұмыстар мен қызметтердің іске асырылған орны деп берермен өзінің кәсіпорнын құрған немесе осы қызметтерді көрсететін немесе жұмыстарды орындайтын тұрақты өкілдігі бар орын есептеледі.

Бұдан басқа, іске асыру орны болып мыналар танылады:

- жылжымайтын мүлік орналасқан орын, егер жұмыстар (қызметтер) осы мүлікпен тікелей байланысты болса. Мұндай жұмыстарға құрылыс-монтаж, жаңғырту жұмыстары, көгалдандыру жөніндегі жұмыстар және с.с. жатады.

- жұмыстардың (қызметтердің) іс жүзінде жүзеге асырылған орны, егер олар

жылжымалы мүлікпен байланысты болса;

- қызметтердің іс жүзінде жүзеге асырылған орны, егер олар мәдениет, өнер, білім беру және с.с. салаларда көрсетілсе.

Жоғарыда аталған барлық жағдайларда жұмыстар мен қызметтерді іске асыру жөніндегі айналыстарға, егер олар мемлекеттің аумағында жүзеге асырылса, нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады;

- қызметті сатып алушының экономикалық әрекетінің орны, егер бұл қызметтерді сатып алушының (тұтынушының);

- қызметтердің іс жүзінде жүзеге асырылған орны, егер олар мәдениет, өнер, білім беру және с.с. салаларда көрсетілсе;

Жоғарыда аталған барлық жағдайларда жұмыстар мен қызметтерді іске асыру жөніндегі айналыстарға, егер олар мемлекеттің аумағында жүзеге асырылса, нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады;

- қызметті сатып алушының экономикалық әрекетінің орны, егер бұл қызметтерді сатып алушының (тұтынушының) тұрған жері - бір мемлекеттің аумағында, ал сатушы - басқа аумақта болса.

Аталған ереже, өзінің экономикалық әрекетін, жұмыстардың, қызметтердің экспортына нөлдік ставка бойынша салық салу көзделген, тауарлардың ( жұмыстардың, қызметтердің) экспорты және импорты кезінде жанама салықтарды алудың қағидаттары туралы келісім жасалған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы мен ТМД-ға қатысушы басқа мемлекеттердің аумағында экономикалық және басқа әрекеттерді жүзеге асырмайтын шетелдік сатып алушыға көрсетілетін жұмыстар мен қызметтерге қатысты қолданылады.

Егер қызметтерді сатып алушы (тұтынушы) бірден артық экономикалық әрекет орнына ие болса, оны іске асыратын орын болып осындай жұмыстар соған байланысты пайдаланылатын орын есептеледі.

Жұмыстардың (қызметтердің) орындалған орнын растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

- әрекетін ТМД-ға қатысушы мемлекеттің аумағында жүзеге асыратын, онымен арада жұмыстардың, қызметтердің экспортына нөлдік ставка бойынша салық салуды көздейтін, тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алудың қағидаттары туралы келісім жасалған шетелдік тұлғамен немесе Қазақстан Республикасының резидентімен жұмыстарды (қызметтерді) орындауға жасалған келісім-шарт;

- аталған тұлғалардың орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге ақы төлегенін растайтын төлем құжаттары;

- сатушы немесе сатып алушы (жұмыстарды, қызметтерді) қол қойған актілер , анықтамалар немесе басқа құжаттар.<*>

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 33-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 33-тармақ жаңа мәтінмен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_
ЕСКЕРТУ. 33-тармақтың толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_
ЕСКЕРТУ: 33-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

33-1. Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу тәртібінде Қазақстан Республикасы аумағы шегінен тыс бұрын әкетілген тауарлардың одан кейінгі экспорты немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері қатынасушылары шектерінен тыс оларды қайта өңдеу өнімдері немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері қатынасушыларына, олармен саудада жүзеге асыру кезінде қосылған құн салығын өндіріп алу нысаналы ел принципі бойынша жүргізіледі, осындай тауарлардың құны немесе қайта өңдеу өнімдері нөлдік ставка бойынша салық салынатын, сату бойынша айналымға енгізіледі.

Бұл жағдайда нөлдік ставканы қолдану үшін негіз болып салық төлеушінің мынадай құжаттарды тіркеу орны бойынша салық органына ұсынымы табылады:

1) экспортталатын тауарлар немесе қайта өңдеу өнімдерін жеткізуге шетелдік тұлғамен келісім-шартты (шартты), сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағы шегінен тыс тауарларды қайта өңдеуге келісім-шартты (шартты);

2) кедендік аумақтан тыс тауарларды қайта өңдеу тәртібінде ресімделген кедендік жүк декларациясын немесе осындай ресімдеуді жүзеге асыратын, кедендік органмен мөрленген оның көшірмесі;

3) осындай ресімдеуді жүзеге асырған кедендік органмен куәландырылған кедендік аумақта (кедендік бақылаудағы тауарларды қайта өңдеу) тауарларды қайта өңдеу тәртібінде шетел мемлекеті аумағына алыс-беріс тауарларын әкелу кезінде ресімделген жүк кедендік декларацияның көшірмесі;

4) экспорт тәртібіне тауарларды қайта ресімдеу немесе оларды қайта өңдеуінің өнімдерін жүзеге асырушы кеден органы белгісімен жүк кедендік декларацияны;

5) тауарларды қайта өңдеу тәртібінде кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын, кеден органымен куәландырылған, тауарларды қайта өңдеуге лицензия (рұқсат)

көшірмесі, егер осындай лицензия (рұқсат) тауарларды қайта өңдеу оның аумағында жүргізілетін мемлекет заңдылығына сәйкес міндетті болатын болса;

6) қайта өңдеу мемлекеті аумағынан оларға тауарлар экспорты мемлекет аумағынан тауарларды немесе олардың қайта өңдеу өнімдерін әкелу кезінде экспорт тәртібінде ресімделген жүк кедендік декларациясының көшірмесі осындай ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органымен куәландырылған және нөлдік ставка бойынша Қазақстан Республикасының салық заңдылығына сәйкес салық салынады. Экспорттық кедендік декларацияда қайта өңдеуге алыс беріс тауарларын әкелу кезінде ресімделген алдағы кеден декларациясының нөмірі көрсетілуі тиіс.

7) оның аумағына қайта өңдеуге тауар әкетілген, мемлекеттің кедендік органдарының белгілерімен мемлекеттің бағытталу шекараларына тауарлармен өткенін немесе олардың қайта өңдеу өнімдерін растайтын тауар жолдама құжаттарының көшірмелері.

ЕСКЕРТУ: 33-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

## XI-бөлім. Дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктер үшін артықшылықтар

34. Шетелдік дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктердің ресми түрде пайдалануын, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің, соның ішінде олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің тікелей өзінің пайдалануына арналған тауарларды сатуға, жұмыстарды атқаруға немесе қызмет көрсетуге Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын тиісті халықаралық шарттарда көзделетін мөлшерде нөлдік ставка бойынша салық салынады.

Дипломатиялық және консульдік қызметкерлер жөнінде нөлдік ставка қолдану басқа мемлекеттермен жасасқан шарттар негізінде жүзеге асырылады.

35. Дипломатиялық өкілдіктер мен олардың қызметшілері, олардың бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса, Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған тауарлар мен қызмет түрлері қосылған құн салығы ескерілетін бағалар бойынша төленуге тиіс.

Дипломаттық және оларға теңестірілген Қазақстан Республикасында тіркелген өкілеттіктер бюджеттен қосылған құн салығының сомасын қайтарып алу мақсатында Қазақстан Республикасының өнім берушілері жазып берген шот-фактураларда белгіленген деректерді тоқсан сайын жиынтық ведомоста (уақыты мен шот-фактураның нөмірі, алынған шот-фактураның төленген фактісін растайтын төлем құжатының уақыты мен нөмірі, өнім берушінің атауы,

мәміленің жалпы сомасы, қосылған құн салығының сомасы) көрсете отырып, оларды есепті тоқсаннан кейінгі бір айдың ішінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне есепті кезеңдегі шот-фактураның көшірмесімен бірге жасауға тиіс. Аталған ақпаратты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі алдын ала тексергеннен кейін жиынтық ведомостар мен шот-фактуралардың көшірмелері Алматы қаласы бойынша салық комитетіне тапсырылады, ол министрліктен ақпарат алынған күннен бастап 60 күннің ішінде салықтың орнын толтыруды жүзеге асырады.<*>

Бюджеттен орнын толтыруға жататын салықтың сомасын Алматы қаласы бойынша салық комитеті тиісті дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілеттіктердің шоттарына аударатын болады.

Егер шот-фактураларда қосылған құн салығы жеке жолмен көрсетілмеген болса, салық бойынша орнын толтыру құқығы оның шот-фактурада қосылған құн салығын қосқаны туралы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушіден растау құжаты алынған жағдайда ғана болуы мүмкін.

Қосылған құн салығы сомасының орны толтырылғаны жөніндегі есептер Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жанама салықтар ( қосылған құнға және акциздерге салынатын салықтар) бойынша жеңілдіктер беру кезінде өзара қатынас қағидаты сақталғаны жөнінде жауап нотасын берген дипломатиялық өкілеттіктердің орнын толтыруы ретінде қабылданады. Егер біреуі Қазақстан Республикасы болып табылатын мемлекеттер арасындағы дипломатиялық нота алмасулар жүрмесе, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қосылған құн сомасының орны толтырылғаны туралы есеп айырысуды қабылдамайтын болады.<*>

ЕСКЕРТУ. XI бөлім 35-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 35-тармақтың өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

XII бөлім.<*>

ЕСКЕРТУ. XII бөлім (35-37-тармақтар) алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

XII бөлім. Тоқыма, тігін, тері, аяқ киім өнеркәсібі салаларының өніміне салық салу

36. Қазақстан Республикасындағы резиденттердің Қазақстан Республикасы аумағында тоқыма, тігін, аяқ-киім өнеркәсібі салаларындағы өз өндірісі өніміне нөлдік ставка бойынша салық салынады.

ЕСКЕРТУ: XII-бөліммен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік

кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929
Бұйрығымен. V990963_

XIII-бөлім<*>

ЕСКЕРТУ. XIII-бөлім және 38-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының 1995.12.29. N 8 бұйрығымен.

XIII бөлім. Аффинаждалған қызмет бағалы металдарға алтын мен платинаға салық салу

38. Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген түйіршіктелген қымбат бағалы металдарды - алтын мен платинаны өткізуіне нөлдік ставкамен салық салынады.<*>

ЕСКЕРТУ. 38-тармақ жаңа жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

XIV-бөлім. Қосылған құнға салынатын салықтың ставкалары

39. Осы нұсқаулықтың 40 және 41а-тармақтарда көрсетілген басқа жағдайда қосылған құнға салынатын салықтың ставкасы салық салынатын айналымның 20 процентіне тең болады.<*>

ЕСКЕРТУ. 39-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ: 39-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

40. Тауарларды сату, жұмыстар атқару немесе қызмет көрсету жөнінде осы нұсқаулықтың 33, 34, 36 және 38-тармақтарында көрсетілген айналымдарға нөлдік ставка бойынша салық салынады.<*>

ЕСКЕРТУ. 40-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ: 40-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

41. Салық салынатын импорт бойынша қосылған құнға салынатын салық ставкасы Қазақстан Республикасындағы кеден заңдарына сәйкес анықталатын тауарлардың кеден құнын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тауарларды импорттау кезінде төлеуге жататын алымдардың, баждардың, салықтардың сомасын қамтитын салық салынатын импорт мөлшерінің 20 процентіне тең болады, 41-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда.<*>

ЕСКЕРТУ. 41-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62

б ұ й р ы ғ ы м е н . V 9 8 0 5 4 6 _

ЕСКЕРТУ: 41-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

41-1. Тірі салмақтағы мал және құстар, ет, балық, ұн, нан және нан өнімдері, макарон өнімдері, сүт және сүт өнімдері (балмұздақтан басқа), жұмыртқалар, өсімдік майлары, маргарин, жармалар, бидай, құрама жемдер, қант (шикізат қантты қоса), тұздар, көкөністер, картоп, балалар және диабеттік тамақ өнімдерін сату және импорт негізінде 10 проценттік ставка бойынша айналымдарға салық с а л ы н а д ы .

10 проценттік ставка бойынша мынадай өнім түрлері Қазақстан Республикасы резиденттері емес сату негізіндегі айналымдарға да (қоғамдық тамақтандыру саласында өндірілетінінен басқа) салық салынады:

колбаса өнімдері, консервіленген ет, балық өнімдері, қайта өңделген көкөніс өнімдері, наубайхана ашытқылары, сыра қайнатудағы қолданылатын ашытқылар.

10 проценттік ставка бойынша қосылған құнға салық салынатын оларды сату негізінде айналымдардың тауарлар тізбесі осы Нұсқаудың 5-қосымшасында

көрсетілген.

10 проценттік ставка бойынша қосылған құнға салық, олардың импорты салық салынатын тауарлар тізбесі осы Нұсқаудың 5-қосымшасында "Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарларға қатысты қосылған құн салығы және акциздерді қолдану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 14 сәуірдегі N 243 Нұсқауында көрсетілген.<*>

ЕСКЕРТУ. 41а-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 41а-тармақ 41-1 болып өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

## XV-бөлім. Қосылған құнға салынатын бюджетке төленуге тиіс салық

42. Бюджетке төлеуге жататын қосылған құнға салынатын салық сомасы (есепті кезеңде есептелген қосылған құнға салынатын салықтың таза сомасы) салық салынатын айналым бойынша алынуға тиісті салықтың есептелген сомасы

мен осы нұсқаулықтың 43-46-тармақтарына сәйкес жеткізуші төлеуге тиіс есепке алынуға жататын салық сомасының арасындағы айырма ретінде

анықталады.<*>

ЕСКЕРТУ. 42-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

## XVI-бөлім. Бюджетке жасалатын жарналарды анықтау кезеңінде есепке алуға жатқызылатын қосылған құнға салынатын салық

43. Қоса есептеуге жатқызылған қосылған құн салығы сомасы болып нақты түскен тауарлар, негізгі қаржы (үйлер, ғимараттар және жеңіл автокөліктер), есепті кезеңде орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер негізінде, олар салық салынатын айналым үшін, нөлдік ставка бойынша айналымды қоса пайдаланылады немесе пайдаланылуға тиіс көрсетілген салық шоттары негізінде Қазақстан Республикасында (осы Нұсқаудың 16-тармағында қарастырылған жағдайлардан басқа) қосылған құнға салық бойынша салық төлеуші болып саналады.

Ғимараттар деп еңбек (шахта ұңғысы, мұнай скважинасы, плотина, электрберу желісі, трубаөткізгіш, жол, көпір және т.б.) тәсілін өзгертумен байланыссыз сол немесе өзге де функцияларды орындау жолымен шығару процессін жүзеге асыру үшін арналған инженерлік-құрылыс объектілері түсініледі.

Негізгі қаржы (жеңіл автокөліктерден басқа) көздерін қоса импортталатын тауарлар бойынша қоса есептеуге жатқызылған қосылған құн салығы сомасы болып кедендік декларацияда көрсетілген, Қазақстан Республикасы кеден заңдылығымен сәйкес ресімделген, осы Нұсқаудың 62-тармағында қаралған салық төлеу жағдайларынан басқа салық сомасы танылады.

Қайтарусыз берілген мүлік бойынша қосылған құнға салық осындай мүліктің импорт жағдайынан басқа, ол бойынша кедендік ресімдеу кезінде төленген қосылған құнға салық қоса есептеуге жатқызылмайды.

Мемлекеттік материалдық резервтен алынған тауарлар бойынша қоса есептеуге Қазақстан Республикасы заңы белгілеген нысан бойынша мемлекеттік материалдық резервтер негізінде уәкілетті орган жазып берген тиеуге құжатта көрсетілген қосылған құн салығы сомасы жатады.

Мемлекеттік материалдық резервтер бойынша уәкіл орган болып Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мемлматрезерв бойынша Комитет саналады. Мемлекеттік материалдық резервтен алынған тауарлар бойынша қосылған құнға салық негізіндегі құжатқа Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мемлматрезерв бойынша Р-28 нысанындағы Комитет жазып берген наряд (түпнұсқа) саналып қоса есептеуге жатады, онда босатылған тауарлар құны және қосылған құнға

салық сомасы көрсетіледі.

Р-28 нысанындағы мемлматрезерв негізінде Комитет бойынша жазып берілген наряд негізінде оның атына жазылған наряд ұйымы нарядқа көрсетілген қосылған құнға салық сомасын қоса есептеуге жатқызады. Мемлматрезерв бойынша Комитеттен алынған тауарлардың одан кейінгі сатылуы жалпы белгіленген тәртіпте ресімделген салық шот-фактураларын қолдана отыра жүргізіледі.

Жалға берілген негізгі қаржы көздері, оның ішінде үйлер және ғимараттар орындалған жөндеу бойынша қосылған құнға салық сомасы белгіленген тәртіпте қоса есептеуге жатады. Егерде жалға берілген негізгі қаржы көздерін жөндеуге шығыстар жалға беру төлемі құнына енгізілген жағдайда, сондай-ақ жалға алу келісім-шарт мерзімі аяқталған және оны бұзған жағдайда жөндеу құны объектінің салық салынуы ретінде қосылған құнға салынған салық қарастырылады.

Патент негізінде жұмыс істейтін тұлғалардан алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құнға салық қоса есептеуге осы Нұсқаудың 47-тармағына сәйкес рәсімделген салықтық шот-фактурасының түпнұсқасы бойынша ғана жатқызылады.

Кәсіпкерлік қызметімен айналысатын және декларация ұсыну негізінде жұмыс істейтін жеке тұлғалардан алынған тауарлар бойынша осындай жабдықтаушыларға төленген (төленуге тиіс) қосылған құнға салық сомасы белгіленген тәртіпте осындай тұлғалармен жазып берілген салықтық шот-фактуралар негізінде қоса есептеуге жатқызылады.

Жүйелік бөлімшелері бар және орталықтанған тәртіпте қосылған құн салығын төлеуді жүргізетін заңды тұлғалар үшін қосылған құн салығын қоса есептеуге жатқызуға негіз болып бас ұйымға жүйелік бөлімшелерімен ( филиалдары) ұсынылған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жабдықтаушылармен көрсетілген салықтық шот-фактуралардың түпнұсқалары саналады. Салықтық шот-фактураларының көшірмелері жүйелік бөлімшелерінде сақталады. < * >

ЕСКЕРТУ. 43-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

43-1. Бұрын қоса есептеуге қабылданған, алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша міндеттемелерді есептен шығару кезінде қосылған құн салығы сомасы шеттетілуге тиіс.

Егер міндеттемелерді есептен шығарғаннан кейінгі жағдайда, салық төлеуші тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлем жүргізсе, онда аталған тауарлар бойынша салық сомасы ҚҚС бойынша қоса есептеуге қалпына

келтіруге жатады.

ЕСКЕРТУ: 43-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

44. Салық төлеуші салық салынатын айналымдарды және қосылған құнға салынатын салықтан босатылған айналымдары болған жағдайда айналымның жалпы сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағы бойынша анықталып қосылған құнға салынатын салық сомасы қосылған құнға алынатын салық бойынша есепке алуға қабылданады.<*><*>

Мысалы. Салық төлеуші есеп беріп отырған кезеңде қосылған құнға салынатын салықты қоспағанда өткізу бойынша 2000 теңге сомасында жалпы айналымы болды, оның ішінде салық салынатын айналым 14000 теңге, салық салынбайтын (босатылған) - 6000 теңге. Өткізу бойынша айналымның жалпы сомасында салық салынатын айналым үлес салмағы 70 процент болды (14000: 20000 x 100)). Егер осы кезеңде төлеуге тиісті қосылған құнға салынатын салық сомасы 8000 теңге болса, онда 8000 теңге сомасынан тек қана 70 (есепке алуға қабылданады, яғни 8000 x 70): 100 = 5600 теңге. Салықтың 2400 теңге мөлшеріндегі сомасы (8000-5600) салық төлеушінің шығынына жатқызылады.<* >

ЕСКЕРТУ. 44-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 44-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

45. Егер жөнелтілген тауарлар, атқарылған жұмыс немесе көрсетілген қызмет үшін төлемақының бір бөлігі немесе бүкіл мөлшері күмәнді талап болып табылса , салық төлеушінің бюджетке жасалатын жарнасының сомасын күмәнді талаптың пайда болуына байланысты қосылған құнға салынатын салық ескерілген есепті кезең аяқталғаннан кейінгі екі жылдан соң ғана азайтуға құқығы бар.<*>

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 45-тармақпен өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

45а.<*>

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

46. Егер салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметіне қатысы жоқ шаралардың өткізілуіне орай тауарлар алуға, жұмыс атқаруға немесе қызмет көрсетуге

байланысты төленуге тиіс болса, қосылған құнға салынатын салық есепке алынбайды.

46-1. Осы нұсқаудың 16-тармағында қарастырылған жағдайлардан басқа қосылған құнға салық төлеуші болып табылмайтын жабдықтаушыларға төленген (төленуге тиіс) қосылған құнға салық сомасы қоса есептеуге жатқызылған жағдайда аталған сомалар қоса есептеуден алынуға жатады және алынған ( осындай жабдықтаушылардан) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құнына жатқызылады.

Осындай тауарларды одан кейінгі сату кезінде салық салынатын мөлшері осы Нұсқаудың 17-19, 19-1 тармақтарына сәйкес айқындалады.<*>

ЕСКЕРТУ. 46а-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 46а-тармақ 46-1 болып өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

## XVII-бөлім. Салық шот-фактуралары

47. Қосылған құнға салық салынатын тауарлар жөнелтетін, жұмыс атқаратын немесе қызмет көрсететін салық төлеуші аталған тауарларды алатын, атқарылған жұмыс пен көрсетілген қызметті қабылдайтын тұлғаға салық шот-фактурасын ұсынуға міндетті.<*>

Патент негізінде жеңілдетілген режимде жұмыс істейтін заңды және (немесе) жеке тұлғалар патентте көрсетілген мөлшер мен сомада қосылған құн салығын төлеуші болып табылады және патенттің құнында көрсетілген соманың шегінде ғана салық шот-фактурасын жазып беруге тиісті.

Заңды және (немесе) жеке тұлға патент беру жөніндегі өтінішіне осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасында келтірілген нысан бойынша орындалған салық шотфактурасын қоса береді. Бұл орайда мәлімдемеде ұсынылып отырған салық шот-фактурасы бланкісінің саны міндетті түрде көрсетіледі.

Салық органы заңды және (немесе) жеке тұлғаға патент берген кезде онымен бірге салық шот-фактурасын да береді. Салық шот-фактурасы өзара желімделген, нөмірленген және патент берген салық органының мөрімен, сондай-ақ оның басшысының немесе басшының орынбасарының қолымен расталған болуы керек . Салық органында әрбір салық шот-фактурасында оның сол жағында заңды және (немесе) жеке тұлғалар күтілетін кірісін еске ала отыра есептелген қосылған құн салығының сомасы, ал оң жағында - салық төлеушінің СТТН-і және патенттің сериясы мен нөмірі қойылады. Салық шот-фактурасының сол жақ бөлігі ( түбіршегі) - сатушыда қалдырылады, ал оң жақ бөлігі - сатып алушыға беріледі.<

*                    >

Салық органының мөрімен расталған, заңды және жеке тұлғаға берілген салық шот-фактурасының саны патенттерді беру есебінің Кітабында міндетті түрде тіркелуге тиіс, онда сондай-ақ патенттің құнына кіретін қосылған құн салығының сомасы да көрсетіледі.

Заңды және жеке тұлға салық шот-фактурасын жазып бере отырып, сол жақ бөлігіне сатып алушыға көрсетілген оның тауарларының (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығының сомасын жазады және салық сомасының қалдығын көрсетеді. Сатушының көрсетілген қалдықтың (пайдаланылмаған қосылған құн салығының сомасының) шегінде салық шот-фактурасын жазып беруге құқығы бар.

Барлық салық шот-фактуралары пайдаланылған кезде олардың түбіршектері міндетті түрде оларды берген салық органдарына тапсыруға жатады, мұнда олар салық төлеушінің іс-қағазында сақталады. Тек пайдаланылған салық шот-фактураларының түбіршектері тапсырылған кезде, сондай-ақ пайдаланылмаған қосылған құн салығы сомасының қалдығы болса ғана заңды және (немесе) жеке тұлға, сатып алушылармен салық жөнінде одан әрі есеп айырысуды жүзеге асыру үшін, салық органы бекіткен салық шот-фактурасының іс-парақтарын ала алады.

Мысалы:

Жеке тұлға кәсіпкерлік әрекетпен шұғылдану үшін патент сатып алды, бұл орайда бюджетке 20000 теңге сомасында қосылған құн салығын төледі. Салық органында алынған салық шот-фактурасы толық пайдаланылды, бірақ 5000 теңге мөлшерінде пайдаланылмаған ҚҚС қалдығы қалды. Салық органына пайдаланылған салық шот-фактураларының түбіршектерін берген жеке тұлға өзіне қосымша салық шот-фактураларын беру жөнінде өтініш жазып, оған шоттардың бос бланкілерін қоса тапсыруына болады. Мұнда әрбір қосымша салық шот-фактурасының сол жақ бөлігінде патенттің құнында көзделген ҚҚС сомасының орнына пайдаланылмаған 5000 теңге қосылған құн салығы сомасының қалдығы жазылады.

Патенттің құнын есептеу кезінде ескерілген, және кірістердің заңдарда белгіленген шекті көлеміне жетпеген, кірістің мәлімделген көлемдерін орындауға байланысты қосылған құн салығының сомасында пайдаланылмаған қалдық болмаған жағдайда салық шот-фактурасының қосымша тобын беру туралы салық органына өтініш берген кезде, салық шот-фактурасын беру тек қосымша патент ресімделген және кірістердің қосымша көлемі бойынша белгіленген тәртіппен тиісті салықтар төленген жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін.

"                    ;

Мысалы:

Жеке кәсіпкер кәсіпкерлік іс-әрекетпен шұғылдану үшін 1998 жылға патент сатып алды және патенттің 100000 теңгелік құнын, оның ішінде 16700 теңге ҚҚС төледі. Патент құнының есебі кірістердің 100000 теңге мөлшеріндегі мәлімделген көлемі мен 10 проценттік рентабельділік есебінен жүргізілді. Кірістің патент берілуі мүмкін ең көп көлемі 4000 айлық есеп айырысу көрсеткішін, немесе 2600000 теңгені құрады (1998 жылдың II тоқсанының айлық есеп айырысу көрсеткіші 650 теңгені құрады). Жеке кәсіпкер 16700 теңгеге салық шот-фактурасын жазып берді. Жеке кәсіпкер салық шот-фактурасының қосымша түрдегі үшін өтініш берген жағдайда кірістің 1600000 (2600000-100000) теңгеден аспайтын көлемі есебінен қосымша патент ресімделеді; бюджетке төленуге тиісті, қосылған құн салығының шекті сомасы, қалыптасқан рентабельділікті ескергенде 26700

теңгені құрайды. Қосымша салық шот-фактурасын жеке кәсіпкердің бір мезгілде оған қосымша патент берілуіне қоса мүмкін.<*>

ЕСКЕРТУ. 47-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 47-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 47-тармақтың төртінші абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

48. Салық шот-фактурасы дегеніміз осы Нұсқаулықтың N 2 қосымшасында келтірілген нысан бойынша орындалған, оның мынадай міндетті деректемелері болуға тиіс:

- тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берермен мен аларманның аты-жөні немесе атауы, тіркеу нөмірі;

<*>

- салық салынатын айналыстың мөлшері;
- қосылған құн салығының ставкасы;
- аталған салық салынатын айналыс бойынша есептелген, қосылған құн салығының сомасы;
- салық шот-фактурасы берілген уақыт;
- шот-фактураның рет нөмірі.";

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Салық шот-фактурасының рет нөмірі салық шот-фактураларын тіркеу кітабына сәйкес көрсетіледі, ол міндетті түрде осы Нұсқаулықтың 4-

қосымшасында келтірілген нысан бойынша жүргізіледі.

Салық шот-фактурасы екі данада жазылады. Алғашқы данасы тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыға беріледі, екінші данасы (көшірмесі) берерменде қалады.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды бұза отырып ресімделген салық шот-фактурасы қосылған құн салығының сомасын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының есептемеге жатқызуы үшін негіз бола алмайды.";

үшінші абзац алтыншы абзац болып саналсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Сатып алушы жазып берген және берерменнен алынған салық шот-фактурасы олар жазылған және алынған уақыттан бастап толық бес жыл бойында тігілген және нөмірленген қалпында сақталады.<*>

Айналымға салынатын салық құны мен қосылған құнға салынатын салық сомасының салық шот-фактурасы Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасында көрсетіледі.

Салық шот-фактурасы қағазға басылады немесе электрондық жазбаларда сақталады.<*>

ЕСКЕРТУ. 48-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 48-тармақтың алғашқы абзацы толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ: 48-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

48-1. Тікелей жүк тасуды жүзеге асырмайтын көлік-экспедиторлық қызмет көрсетуші салық төлеушілер мұндай тікелей жүк тасушы салық төлеушілер төлеуіне ұсынылған жүк тасудың өз құны мен қосылған құн салығы сомасы есебінен оның салық салынатын айналымында аталған салық шот-фактуралары есептен шығарады.

Көлік-экспедиторлық қызмет көрсетуші салық төлеушілерге жүк жіберушілер үшін салық шот-фактураларының қосымшасы жүк жіберушінің жібергені бар тікелей емес жүк тасушылар ұсынған шот-фактуралар негізінде жүргізіледі, не оларға әрбір жүк жіберушінің жүгін тасу құны көрсетілген жүк жіберушіні алып тастай отырып жүктердің тізілімі ұсынылады.

Салық шот-фактурасында көлік-экспедиторлық фирма міндетті тәртіпте жіберушінің белгілі жерге дейін жүгін жеткізуді жүзеге асыратын жүк тасушыларға жүк тасу құны туралы тізілім ұсынады.

Жол билеттерін сатуды жүзеге асыратын және тікелей жүк тасуды жүзеге

асырмайтын салық төлеушілер билет құнына жол құны мен билеттерді сату бойынша қызмет көрсету есебінен аталған есепшот фактураларды есептен шығарады.

Жүк тасуды жүзеге асыратын ұйымдарда ұсынылған шот-фактураларда аталған қосылған құн салығы көлік-экспедиторлық фирмалардың есебіне жатпайды.

ЕСКЕРТУ: 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

49. Салық шот-фактураларын тіркеу Кітабында мыналар көрсетіледі:

- жазылған салық шот-фактурасының уақыты мен нөмірі, ол осы жазбаның рет нөмірі болып табылады;

- сатып алушының атауы және оның СТТН-і;

тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беру шартының (келісім-шарттың) нөмірі;

салық салынатын айналыстың қосылған құн салығынсыз құны;

қосылған құн салығының ставкасы.

Егер тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу қосылған құн салығынан босатылған болса - Салық Кодексінің бабына (тармағына, тармақшасына) сілтеме жасала отырып, "босатылған" деген белгі қойылады.

- қосылған құн салығының сомасы;

- ҚҚС ескерілген берілімнің жалпы құны.

Әрбір есепті кезең (ай, тоқсан) үшін Кітапта қорытындылар шығарылады.

Қолмен жүргізілген жағдайда Кітаптың беттері нөмірленген, жіппен байланған және ұйымның мөрімен бекітілген болуы керек.

Кітап электронды құралдармен жүргізілген жағдайда оның беттері әрбір есепті кезең үшін басылады, басшының қолымен және ұйымның мөрімен расталады, нөмірленеді және тігілген күйінде сақталады.

Салық шот-фактураларын тіркеу Кітабы онда соңғы жазба ресімделген күннен бастап бес жыл бойы сақталады.<*>

ЕСКЕРТУ. 49-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 49-тармақ жаңа редакциямен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

50. Қосылған құнға салынатын салық бойынша төлеуші болып табылмайтын тұлға салық шот-фактураларын "Қосылған құн салығынсыз" деген белгімен жаздырып алуға міндетті. Қосылған құн салығынан босатылған тауарлар,

атқарылған жұмыс немесе көрсетілген қызмет бойынша жаздырып алынған шот-фактураларға да осындай талап қойылады сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 556 -тармағына сәйкес салық төленетін шикізат бойынша.<*><*><*>

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

50-1. Қосылған құн салығы жөніндегі төлеуші болып табылмайтын тұлғаға, қосылған құн салығымен бірге салықтық есеп-фактурасын жазғаны үшін салықтық есеп-фактурада көрсетілген және бюджетке аударылуға тиісті, бірақ әлі аударылмаған, қосылған құн салығы сомасының 100 проценттік көлемінде айып салынады.<*>

Салықтық есеп-фактураны орындаушының қолы берермен-кәсіпорынның мөрімен немесе штампымен міндетті түрде расталуға тиіс.<*><*>

ЕСКЕРТУ. 50а-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 50а-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ: 50а-тармақ 50-1 болып өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

51. Салық шот-фактурасы салық төлеуші тауарларды жіберілетін күннен кешіктірмей жазылып беріледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 51-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

## XVIII-бөлім. Декларациялар табыс ету және қосылған құн салығын төлеу

52. Әрбір салық төлеуші:

а) әрбір есепті кезеңде қосылған құнға салынатын салық жөнінде декларация тапсырып отыруға;

б) декларация табыс етілген соң белгіленген мерзімге дейін немесе сол күні әрбір есепті кезең үшін бюджетке салық төлеуге міндетті.

53. Қосылған құнға салынатын салық жөніндегі декларация осы Нұсқаулыққа N 1 қосымшада келтірілген нысанда әрбір есепті кезең үшін одан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей табыс етіледі.

< * >

Салық төлеуші, егер тоқсан үшін ай сайынғы төлем 500 айлық есеп айырысу көрсеткішінен асып кетсе - салық қызметі органдарына есепті айдан кейінгі 15-күннен кешіктірмей және егер тоқсан үшін орташа төлем 500 айлық есеп айырысу көрсеткішінен кем болса - есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінде тоқсан сайын ҚҚС жөнінде декларация тапсырады.

Ай сайынғы төлемнің мөлшерін салық төлеуші соңғы тоқсанның деректеріне қарай өзінше белгілейді.

Демалыс (жұмыс істемейтін) немесе мереке күндерінде болған декларацияларды тапсыру мерзімі демалыс немесе мереке күннен кейінгі бірінші жұмыс күніне ауыстырылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 53-тармақтың 2 абзацы алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 53-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

54. Шеттен әкелінетін тауарлар жөніндегі қосылған құн салығы, осы Нұсқаулықтың 55-1 тармағында көрсетілген жағдайларда салық төлеушілер төлеуге тиісті қосылған құн салығынан басқасы, Қазақстан Республикасының кедендік заңдарында кедендік төлемдерді төлеу үшін белгіленген күні төленеді.< * >

Салық қызметінің органдары өнеркәсіптік ұқсатуға арналған импортталатын шикізатқа және материалдарға қосылған құн салығын төлеуді үш айға кейінге қалдырады, мерзімді ұзартуға рұқсат беру тәртібі осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасында келтірілген.<*><*><*>

Салық органы өзінде бақылауға тұрған салық төлеушіге салықты төлеудің мерзімін ұзартуға рұқсат етеді. Берешектің көрсетілген сомасын үш айлық мерзім ішінде өтеуді салық органдары сатылған өнім бойынша қосылған құнға салынатын салық жөнінде бюджетпен өзара есеп айырысу әдісімен жүргізеді. Өтелмеген берешек сомасында көрсетілген үш айлық мерзім аяқталған алғашқы күннен бастап өсім есептеледі.

Мысалы. Кеден органы 1995 жылы 2 шілдеде келген жүк үшін 100 мың теңге сомасында қосылған құнға салынатын салық төлеуді талап етті. Тауарлар мерзімін ұзартуға берілген рұқсат негізінде 1995 жылы 3 шілдеде еркін айналысқа жіберілді. Егер салық төлеушінің декларациясына сәйкес есепті кезеңде (шілде) есептелген қосылған құнға салынатын таза салық сомасы 20 мың теңге, тамызда - 40 мың теңге, қыркүйекте - 50 мың теңге болса, үш ай аяқталғаннан кейін (шілде-қыркүйек) импортталатын тауарлар бойынша 100000 теңге мөлшеріндегі берешек бюджетке аударуға жатпайды, өйткені осы кезеңде қосылған құнға салынатын салық 110 мың теңге мөлшерінде түседі (20+40+50=

1 1 0 ) .

Егер шілде-қыркүйек аралығында есептелген қосылған құнға салынған салықтың таза сомасы 55 мың теңге болса, онда өтелмеген берешек сомасы 1995 жылдың 2 қазанынан бастап 45 мың теңге мөлшерінде (100-55=45) төлемеген әрбір күн үшін өсім есептей отырып, импортталатын мерзімі өткен тауарлардың қосылған құнға салынатын салық жеке шотқа бюджетке аударылады.

Салық төлеуші берешек соманы аталған шотқа аударылғаннан кейін оларды есепке алуға (өсім сомасын есепке алмау) құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 54-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының 1995.12.29. N 8 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 54-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 54-тармақтың екінші абзацы өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 54-тармақтың екінші абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 54-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

55. Импортталатын шикізатқа және материалдарға бұл жөнінде үш айға мерзімін ұзартуы бар өнеркәсіптің ұқсатусыз сатылған жағдайда қосылған құнға салынатын салық осы Нұсқаулықтың VI бөліміне сәйкес оларды мақсатсыз пайдаланғаны үшін белгіленген тәртіппен өсімақы есептей отырып үшін айыппұл санкциялары қолданылмай есептеледі.<*>

Берешектер үш ай өткеннен кейін өтелмеген жағдайда осы Нұсқаулықтың 54-тармағында баяндалған тәртіппен айыппұл санкциялары қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 55-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

55-1. Ауылшаруашылық өндірісінде пайдаланылатын тауарлардың импорты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тізбе бойынша жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің және дәрі-дәрмектердің осы Нұсқаудың 31а тармағына сәйкес босатылғандардан басқа , импорты бойынша қосылған құнға салынатын салықты салық төлеушілер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша белгілеген тәртіпте төлейді.<*><*><*>

Кеден органдары аталған тауарларды (жабдықтарды, дәрі-дәрмектерді) еркін

айналыс үшін шығаруды салық төлеуші салық органы берген және оның қосылған құнға салынатын салық төлеуші ретінде тіркелгенін дәлелдейтін анықтама берген жағдайда, сондай-ақ қосылған құнға салынатын салық жөнінде салық декларациясында қосылған құнға салынатын салықтың кеден рәсімдеуі кезінде төленбеген сомасын көрсету жөнінде міндеттеме толтырғанда қосылған құнға салынатын салық төлетпей жүргізеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 55а-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының 1995.12.29. N 8 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 55а-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 55а-тармақтың 1 абзацы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 55а-тармақтың бірінші абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 55а-тармақ 55-1 болып өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

55-2. Шикізат өндіретін (спирттің барлық түрлерін қоспағанда) Қазақстан Республикасының резиденттері оны алғашқы өнеркәсіптік өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағында өткізген кезде төмендегідей тәртіппен қосылған құн салығын төлейді:

Шикізатты (спирттің барлық түрлерін қоспағанда) өндіруші алғашқы өнеркәсіптік өңдеу үшін оны өткізуді қосылған құн салығын есептеместен және "ҚҚС есептеме әдісіне сәйкес" деген белгі қойып, салық шот-фактурасын сатып алушыға тапсырады.

Шикізатты алғашқы өңдеу үшін өткізу жүзеге асырылған есепті кезеңдегі қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда өндіруші-берермен мұндай шикізаттың құнын жеке жолда көрсетеді және есептемеге жататын қосылған құн салығын есептегенде салық салынатын айналысты қоспайды.

Сатып алушы шикізатты қосылған құн салығынсыз салық шот-фактурасында белгіленген құн бойынша көрсетеді. Өңделген өнімдерді өткізген кезде салық салынатын айналыс олардың құны есебінен, бірақ іс жүзінде жинақталған шығыннан кем емес мөлшерде айқындалады.

Алғашқы өнеркәсіптік өңдеуге арналған шикізат деп, шығарылатын өнімнің негізін қалай отырып, шығарылған өнімнің құрамында болатын, бұрын өнеркәсіптік өңдеуге немесе әлдеқандай өңдеуге ұшырамаған, шикізат тауарлары ұғынылады.

Алғашқы өнеркәсіптік өңдеуге арналған шикізатқа мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның аумақтық суларында өндірілген пайдалы қазбалар (оның ішінде жылу және электроэнергиясын өндіруге босатылатын көмір);

- өсірілген немесе жиналған өсімдік өнімдері;

- тірі мал, құс, балық;

- өсірілген малдан алынған өнімдер.

Егер шикізатты сатып алушы одан басқа тауар шығарудың шикізаты болып табылатын, "аралық" тауар өндірілген жағдайда, мұндай "аралық тауарға" қосылған құн салығы салынады.

Шикізат делдалдық ұйым арқылы жөнелту жолымен алғашқы өнеркәсіптік өңдеу үшін өткізілген жағдайда, қосылған құн салығын есептеме әдісі бойынша жол берілмейді.

Берермен алғашқы өнеркәсіптік өңдеуге арналған шикізатты өндіруді алғашқы өнеркәсіптік өңдеуге арналған шикізатты беру жөніндегі шарттың ( келісім-шарттың), сондай-ақ аталған шикізатты сатып алушы тапсырған мынадай құжаттардың:

- аталған заңды тұлғаның өңдеу кәсіпорыны болып табылатынын растайтын тіркеу санақ карточкасының;

- сатып алынған шикізатты өңдеуге арналған тиісті өнеркәсіптік қуаттар мен техникалық жағдайлардың бар екендігі туралы, бірінші басшы қол қойған және сатып алушының тіркелген орны бойынша салық органы растаған анықтаманың - негізінде жүзеге асырады.

Алғашқы өнеркәсіптік өңдеуге қажетті өндірістік қуаттар мен техникалық қуаттардың бар екендігі туралы анықтама салық органында тіркеледі және түпнұсқасында бес дана етіп толтырылады.

Егер сатып алушы жаңадан құрылған кәсіпорын болып саналған жағдайда, оған анықтама өндірістік қуаттардың енгізілу актісі негізінде беріледі.

Анықтаманың бір данасы оны берген салық органында қалады, екінші данасын аталған салық органы шикізатты беруші тіркелген орын бойынша салық органына жібереді, ал үшінші данасы шикізатты сатып алушы - салық төлеушіде қалады.

Сатып алушы үшінші дананы өзінде қалдырады, ал төртінші және бесінші даналарды шикізатты берерменге тапсырады.

Берермен, шикізат алғашқы өнеркәсіптік өңдеу үшін өткізілген есепті кезең үшін декларация тапсырған кезде, анықтаманың төртінші данасын ҚҚС жөніндегі декларацияға қосып береді, ал бесіншісін өзінде қалдырады.

Тиісті өндірістік қуаттардың бар екендігі туралы анықтама 1 жылға дейін жарамды.

Осы тармақта көзделген ережелер сақталмаған жағдайда, қосылған құн

салығы осы Нұсқаулықтың VI бөлімінің ережелеріне сәйкес шикізат өткізілген сәттен бастап айыппұлдар мен өсімпұлдарды қоса есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 55а-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ: 55б-тармақ 50-2 болып өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

## XIX-бөлім. Қосылған құнға салынатын салық жөніндегі есепті кезең

56. Күнтізбелік ай қосылған құнға салынатын салық бойынша бюджетпен нақтылы есеп айырысу жөніндегі есепті кезең болып табылады.

57. Егер қосылған құнға салынатын салық бойынша тоқсандағы орташа айлық төлемдер 500 айлық есепті көрсеткіш (төменде келтірілген есептеу мысалына сәйкес) кем болса, онда есепті кезең тоқсан болып табылады.<*>

Мысалы: Кәсіпорын 1995 жылдың III-тоқсанында шілде айына есептелген - 135000 теңге, тамызға - 128000 теңге, қыркүйекке - 120000 теңге қосылған құнға салынатын таза салық сомасы бар. Тоқсан ішінде осындай сомалардың барлығы 383000 теңге болды. Орташа айлық төлем 127666 теңге (38000:3) болды. Осы айларда заңдар бойынша ең төменгі жалақы 400 теңге мөлшерінде белгіленген, тиісінше әрбір ай үшін 500-мәрте ең төменгі жалақының мөлшері 200000 теңге ( 400х500) болады. Есептеулер көрсетіп отырғанындай орташа айлық төлем 127666 теңге 200000 теңгеден (500 айлық есепті көрсеткіш (төменде келтірілген есептеу мысалына сәйкес)) аспайды, демек, салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық бойынша декларацияны тоқсанда бір рет толтырады.<*>

Қосылған құнға салынатын салық бойынша декларациялар толтыру мақсатында есепті кезеңді анықтау үшін соңғы есепті тоқсан үшін бюджетпен есеп айырысу нәтижелері негізге алынады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және жеке тұлғалар осы бөлімде баяндалған тәртіппен декларация табыс етеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 57-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының 1995.12.29. N 8 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 57-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

## XX-бөлім. Қосылған құнға салынатын салық бойынша ағымдағы төлемдер

58. Қосылған құнға салынатын салық жөнінде тоқсан ішінде 1000-нан астам

ең төменгі айлық жалақы мөлшеріндегі орташа айлық төлемі бар салық төлеуші ағымдағы онкүндік төлемдерін мына мерзімдерде: есепті айдың жиырма бесінші күнінде, келесі айдың бесінші күнінде төлейді. Салық төлеушінің таңдауы бойынша салық төленетін жыл ішінде ағымдағы онкүндік төлемдердің мөлшері өткен тоқсандағы немесе ағымдағы онкүндіктегі нақты айналым бойынша салық сомасының алтыдан бір мөлшерінде анықталады.<*><*>

Салық төлеуші салық жылында ағымдағы (аванстық) төлемдерді төлеудің таңдап алған тәсілі туралы салық органдарына жазбаша түрде хабарлауға міндетті.<*>

ЕСКЕРТУ. 58-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 58-тармақтың бірінші абзацы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_
ЕСКЕРТУ. 58-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

59. Салық жөніндегі ағымдағы онкүндік төлемдердің тапсырылған сомалары төлемнің есепті кезеңіндегі декларацияда мәлімделген салықтың есебіне қосылады.

60. Ағымдағы онкүндік төлем артығымен төленген жағдайда артық төленген сома мерзімі жөнінен келесі ағымдағы онкүндік төлемнің мөлшерін анықтаған кезде есептеледі.

61. Қосылған құнға салынатын салық бойынша уақытылы төленбеген ағымдағы төлемдер мерзімі өткен әр күні үшін (төлем жасау күнін қосқанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есе мөлшерінде өсім есептеледі.

## XXI-бөлім. Есепке алуға жатқызылатын салық сомасы есепті кезеңге есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайда бюджетпен өзара қарым-қатынас

62. Есепті кезең үшін есептелген салық сомасынан есепке жатқызылатын салық сомасының артуы қосылған құнға салынатын салық бойынша алдағы есептелетін төлемге есептеледі, оның ішінде импорт кезінде төленуге тиісті.<*>

Импорт кезіндегі қосылған құн салығын төлеу есебінен аталған асып түсудің тәртібін Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарларға қатысты қосылған құн салығы және акциздерді қолдану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 14 сәуірдегі N 247 Нұсқауында белгіленген.<*><*>

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналыстар бойынша ие салық төлеушілерге мұндай сома салық төлеушінің салық қызметінің сұранысын алған сәттен бастап 60 күн ішінде қайтарылады.<*><*>

Бюджеттен орнын толтыруға ұсынылған салық сомасының растығын тексергеннен кейін және басқа салықтар бойынша бюджет алдында берешектері болмаған жағдайда ғана қайтарым жүргізіледі.

Егер өткен есепті кезең үшін есептелген салық сомасынан жоғары есепке жатқызылған салық сомасына артқан жағдай қалыптасса және егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналыстар бойынша салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық сомасының орнын толтыру туралы арызбен салық органдарына өтініш білдірмесе, онда көрсетілген сомасының артуы есепті кезеңнен кейінгі кезеңге есептеледі.<*><*>

Қайтарудың тәртібі осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасында келтірілген.<*>

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970058_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

63. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылған айналымдар бойынша, өнім беріп тұрушыларға және кедендік ресімдеу кезінде төленуге тиісті салық есепке алынуға жатпайды, шығындардың құрамына қосылады.<*>

64. Салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметіне қатысы жоқ шараларды өткізуге байланысты тауарлар, атқарылған жұмыс пен көрсетілген қызмет үшін өнім беріп тұрушыларға және кедендік ресімдеу кезінде төленуге тиісті қосылған құн салығы салық төлеушінің шығындары құрамына қосылмайды және оның таза табысы есебінен орны жабылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 63 және 64-тармақтар толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

65. Есепке алуға жатқызылмайтын үйлер, ғимараттарға, жеңіл автомобильдер бойынша төленуге тиісті қосылған құн салығы амортизация сомалары арқылы салық төлеушінің шығындары құрамына қосылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 65-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 65-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

XXII-бөлім. Қосылған құн салығы жөніндегі әкімшілік ережелері<*>

ЕСКЕРТУ. XXII бөлім жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.05.02. N 39 V980083_ бұйрығымен.

66. Қосылған құн салығын дұрыс есептей және бюджетке уақытында төлеу үшін жауапкершілік салық төлеушілерге және олардың лауазымды тұлғаларына жүктеледі.

Қосылған құн салығын есептеу тәртібінің және уақытында төленуінің бұзылғаны үшін салық төлеушілерге Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген шаралар және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік айыппұлдар қолданылады.

67. Қосылған құнға салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту салық төлеушіге Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіптегі оның жазбаша өтініші бойынша ұсынылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

68. Негіздемесі жеткіліксіз, белгіленген мерзімде декларация тапсырмаған заңды немесе жеке тұлғаға төленуге тиісті, бірақ декларация бойынша төленбеген соманың 5 проценті мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл орайда 5 процент мөлшеріндегі айыппұл мерзімі өткен күндердің санына қарамастан қолданылады.

Мысалы: ҚҚС жөніндегі декларацияда салықтың сомасы 130000 теңге мөлшерде белгіленген, іс жүзінде 100000 теңге төленген. Салық төлеуші декларацияны белгіленген мерзімнен кейін тапсырылған. Салықтың төленбеген 30000 теңге сомасына 5 процент мөлшерінде айыппұл салынады, бұл 1500 теңгені құрайды (30000х5:100).

69. Салық төлеушіні тіркеу орны бойынша салық органы, егер салық төлеуші декларация тапсырудың мерзімі жеткенге дейін өтініш берген болса, үш айдан аспайтын кезеңге декларацияны ұзарта алады.<*>

Декларацияны тапсыру мерзімін ұзарту салық төлеудің мерзімін өзгертпейді. Егер белгіленген мерзімге дейін қосылған құн салығын төлемесе, онда салықты уақытында төлемегені үшін мерзімі өткен әрбір күнге үстемеақы есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 69-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62

бұйрығымен. V980546_

70. Салық төлеушінің салық органы тексергенге дейін бұрын берілген декларацияға өз бетімен өзгеріс енгізуге және бұл туралы салық органына хабардар етуге құқығы бар.<*>

Бюджетке қосымша төленуге тиісті салық сомалары бойынша салық төлеуші тіркеу орны бойынша салық органына анықтау жүргізілетін есепті кезең үшін қосымша декларация тапсырады. Бұл декларацияларда тиісті мерзімдер бойынша бұрын берген декларациялармен салыстырғанда анықталған айырмашылықтардың сомасы ғана көрсетіледі.

Мұндай жағдайда одан тәртіп бұзылған сәттен бастап оның анықталған сәтіне дейінгі бюджеттің кірісіне төленуге тиісті айыппұл шаралары қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 70-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

71. Осы Нұсқаулықтың 58-тармағына сәйкес салық төлеушінің қалауы бойынша бір салық жылының ішінде қосылған құн салығы бойынша ағымдағы он күндік төлемдердің мөлшері алдағы тоқсандағы салық сомасының алтыдан бір бөлігі мөлшерінде немесе ағымдағы он күндіктің іс жүзіндегі айналысы бойынша айқындалады.

Салық төлеуші салық органына салық жылында ағымдағы төлемдерді төлеудің өзі таңдап алған әдісі туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Салық төлеушілердің жеке шотында ағымдағы төлемдерді есептеу, егер салық төлеуші ағымдағы он күндік төлемдерді алдыңғы тоқсан бойынша салықтың алтыдан бір сомасы мөлшерінде төлейтінін таңдап алған жағдайда жүргізіледі.

Егер салық төлеуші төлемдердің аталған әдісін таңдап алған жағдайда ағымдағы төлемдердің жарналары белгіленген мерзімдерде орындалмаса, онда салық төлеушінің жеке шоты бойынша ағымдағы он күндік төлемдердің аударылған сомалары негізінде үстемеақы есептеледі.

Үстемеақыны есептеу келесі ағымдағы төлемді өтеудің немесе біржола есеп айырысудың (ҚҚС бойынша декларация тапсырудың) мерзіміне дейінгі әрбір ағымдағы төлем бойынша жүргізіледі.

Мысалы: Алдағы тоқсанда салық төлеушінің бюджетке төлеген қосылған құн салығы мыналарды құраған: қаңтар - 25000 теңге, ақпан - 25000 теңге, наурыз - 30000 теңге. Алдыңғы тоқсанда төленген салық сомасы - 80000 теңгені құраған. Салық төлеуші ағымдағы он күндік төлемдердің өтемін алдағы тоқсан үшін салық сомасының 1/6 мөлшерінде жүргізеді. Сөйтіп, бір ағымдағы төлемнің мөлшері 13300 теңгені құрайды. Сәуір айы ішінде ағымдағы төлемдерді салық төлеуші белгіленген мерзімде төлемеген.

Үстемеақыны есептеу мынадай түрде жүргізіледі: бір күн үшін кері қаржыландыру ставкасы 0,27%-ті (65%х1,5:365) құрайды. 13 сәуірден 23 сәуірге дейінгі мерзім бойынша үстемеақы 2643 теңгені (8900х0,27%х11күн:100), 24 сәуірден 3 мамырға дейінгі мерзім бойынша 2403 теңгені (8900х0,27%10күн:100) , 4 мамырдан 15 мамырға дейінгі мерзім бойынша 2884 теңгені (8900х0,27% х12күн:100) құрайды. Жиынтығы 7930 теңге сомасында үстемеақы есептеледі.

Өсімақыны есептеу мынадай жолмен жүргізіледі. Қайта қаржыландыру ставкасы 65%-ті құрайды. Мерзімі өткен бір күн үшін өсімақының проценті 0,27%-ті (65% х 1,5 : 365) құрайды. 25 сәуірден 5 мамырға дейінгі өсімақы 395 теңгені (8900 х 0,27 х 11 : 100) және 5-інен 15-мамырға дейінгі мерзім бойынша 2643 теңгені құрайды (8900 х 0,27 х 11 : 100). Барлығы 790 теңге сомасында өсім ақы есептеледі.<*>

Ағымдағы он күндік төлемдердің кем болған фактісі салық органдарының жекелеген тексерулер жүргізілуі кезінде анықталады. Мұндай факт анықталған жағдайда салық органы төмендетілген соманың 100 проценті мөлшерінде айыппұл салады және оны төлеудің мерзімін көрсете отырып, есептелген салық сомасы туралы хабарлама жазып береді.

Салық төлеуші ағымдағы он күндік үшін іс жүзіндегі айналыс бойынша ағымдағы он күндіктің төлемдерін төлеу әдісін таңдап алған жағдайда жеке шот бойынша ағымдағы он күндік төлемдерді, демек ағымдағы он күндік төлемдерді, 1/6 тәсілі бойынша айқындалған, уақытында жасамағаны және төмендету мөлшері үстемеақы салық төлеушінің іс-әрекетін құжаттар арқылы тексеру актілерінің нәтижелері бойынша ғана жүргізіледі.<*>

Есепті кезең мерзімінде төленбеген жағдайда тиесілі ағымдағы төлемдер айыппұл санкцияларын қолданбай өсімдер есептеледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 71-тармақтың алтыншы абзацы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ. 71-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

72. Жеткілікті төлемеуге әкеліп соқтырған, ҚҚС жөніндегі декларацияда салық мөлшерінің төмендетілгені үшін салық төлеушіге салықтың төмендетілген сомасының 100 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.

100 процент мөлшеріндегі айыппұл әрбір есепті кезең үшін бюджетке төленетін салық сомасының жете төленбеген және төленуге тиісті сомасына қолданылады.

Мысалы: Кәсіпорында 1996 жылдың 1 қарашасынан 1997 жылдың 1 наурызына

дейінгі кезеңге құжаты тексеру жүргізілген. Кәсіпорын ай сайын қосылған құн салығы бойынша есеп беріп тұрған тексеру басталғанда кәсіпорында қосылған құн салығы бойынша артық төлеу байқалған жоқ. Тексерілген кезеңде барлық ҚҚС сомасы 10000 теңгеге кеміген болып шықты.

Есепті кезеңдерге бөлгенде жете төленбеген сомалар мынадай түрде айқындалды:

| Кезеңдер | Салық төлеушінің мәліметі бойынша бюджетке төлеуге жататын ҚҚС сомасы (теңге) | Салық органының мәліметі бойынша бюджетке төлеуге жататын ҚҚС сомасы (теңге) | Тексеру нәтижесі жете төленбегені (+),кемітілгені (-), теңге |
|---|---|---|---|
| 1996 жылғы қараша | + 300000 | + 300000 | - |
| 1996 жылғы желтоқсан | + 400000 | + 405000 | + 5000 |
| 1997 жылғы қаңтар | - 700000 | - 730000 | - 30000 |
| 1997 жылғы ақпан | + 500000 | + 515000 | + 15000 |
| Тексеру жүргізілген барлық кезеңде | + 500000 | + 490000 | - 10000 |

Келтірілген мысалда 100 проценттік мөлшердегі айыппұл және үстемақы 1996 жылдың желтоқсан айы үшін тексерудің нәтижесі бойынша жете төленбеген салықтың сомасына және осы есепті кезең үшін жете төлемеуге әкеліп соқтырған жағдайда қолданылады. Осыған байланысты бұл сомаға 100 процент мөлшерінде айыппұл салынады және үстемеақы есептеледі.

1997 жылдың ақпан айының басында тексеру деректерін есептегенде қосылған құн салығының сомасы кемітілгені үшін 25000 теңге есептелген. Демек , ақпан айы үшін төленген қосымша есептелген салықтың сомасы бюджетке түсетін түсімнің кемуіне әкеліп соқтырмаған. Осыған байланысты 100 процент мөлшеріндегі айыппұл аталған сомаға қолданылмайды.

Өйткені, тұтастай алғанда тексерудің нәтижелері бойынша қосылған құн салығының сомасы 10000 теңгеге кеміген, желтоқсан айы үшін қосымша есептелген сома өндіріп алынбайды, ал есептелген айыппұл мен үстемеақыны

салық төлеуші бюджетке айып шараларын төлеу туралы хабарлама алған күннен бастап 5 банк күні ішінде бюджетке аударуға міндетті.

2-мысал: Кәсіпорында 1996 жылдың 1 қарашасынан 1997 жылдың 1 наурызына дейінгі кезеңде құжатты тексеру жүргізілген. Кәсіпорын ай сайын қосылған құн салығы бойынша есеп беріп тұрған. Бүкіл тексеру кезеңінде тексеру нәтижелері бойынша аударылған салық сомасынан тыс деп саналатын салық сомасының мөлшері 18000 теңгеге кеміген.

| Кезеңдер | Салық төлеушінің мәліметі бойынша бюджетке төлеуге жататын ҚҚС сомасы (теңге) | Салық органының мәліметі бойынша бюджетке төлеуге жататын ҚҚС сомасы (теңге) | Тексеру нәтижесі жете төленбегені (+),кемітілгені (-), теңге |
|---|---|---|---|
| 1996 жылғы қараша | - 100000 | - 50000 | + 50000 |
| 1996 жылғы желтоқсан | - 80000 | + 20000 | + 100000 |
| 1997 жылғы қаңтар | - 40000 | - 50000 | - 10000 |
| 1997 жылғы ақпан | - 75000 | - 35000 | + 40000 |
| Тексеру жүргізілген барлық кезеңде | - 295000 | - 115000 | + 180000 |

Аталған кәсіпорын екінші мысалда аударылған салық сомасынан тыс деп саналатын салық сомасының мөлшері 295000 теңгені құрайды. Тексерудің нәтижесі бойынша бұл сома 135000 теңгеге кеміген. Тексеру барысында 180000 теңге сомасында салық кем есептелген. Алайда желтоқсан айы үшін ҚҚС бойынша декларацияда салық мөлшерінің кемітілуі кем төлеуге соқтырған жоқ, сондықтан айыппұл шарасы салық төлеушіге қолданылмайды.

73. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын адамға қосылған құн салығымен қоса салық шот-фактурасын жазғаны үшін аталған шот-фактурада көрсетілген және бюджетке аударылуға тиісті, бірақ аударылмаған салық сомасының 100 проценті көлемінде айыппұл салынады.

Тексерулер жүргізудің нәтижесінде берермендер шығарған тауарлардың (

жұмыстардың, қызметтердің), расталмаған салық шот-фактуралары бойынша қосылған құн салығын есептемеге жатқызу фактілері анықталған жағдайда бұрын есептемеге жатқызылған салықтың сомасы доғарылады және тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құнын өсіруге жатқызылады. Бұл орайда егер тексерудің нәтижесі бойынша декларацияда салықтың мөлшері төмендетілгені, оның кем төлемге соқтырғаны анықталса, онда кем төлемге 100 процент мөлшерінде айыппұл салынады және салықты уақытында төлемегені үшін өсімақы есептеледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 73-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

74. Қазақстан көздерінен кіріс алатын Қазақстан Республикасы аумағында тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сататын Қазақстан Республикасы резиденті емес тіркелмеген, қосылған құнға салық төлемегені үшін Қазақстан Республикасы резидентіне тиесілі сомадан 100 процент мөлшерінде айыппұл салынады.<*>

ЕСКЕРТУ. 74-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік салық комитетінің
төрағасы<*>

ЕСКЕРТУ. Орган атауы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.14. N 9 V970032_ бұйрығымен.

Қосылған құнға салынатын салықты
есептеу мен төлеу тәртібі туралы
Нұсқаулыққа N 1 қосымша<*>

ЕСКЕРТУ. N 1 қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.06.06. N 109 V970045_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. N 1 қосымша 1а, 2а және 6а жолдарымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

ЕСКЕРТУ: N 1 қосымша толықтырылды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

Қазақстан Республикасы
Қосымша Құн Салығы жөніндегі Декларация 200 нысан /1-97/<*>

ЕСКЕРТУ. Қосылған құнға 200 (1-97) нысанындағы Декларация өзгертілді

- ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы
19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен.  V990826_

Салық төлеуші |
Декларацияны толтырушының аты-жөні | РНН

Бас кәсіпорынның атауы | Телефоны
Мекен-жайы |
Аудан/облыс |

Есепті кезең:   Күнтізбе айы:    Тоқсан

| | Бағаны | Бағаны |
|---|---|---|
| ҚҚС-ын есептеу | ҚҚС-нан тыс құн | ҚҚС |
| 1. ҚҚС 20% ставкасымен алынатын, айналым /В қосымшасы/ | 1 | |
| 1а.ҚҚС 10 %-тік ставкасы бойынша салық салынатын айналыс | 1а<*> | |
| 2. ҚҚС 20% ставкасымен алынатын, экспорт айналымы /В қосымшасы/ | | |
| 2а.ҚҚС 10 %-тік ставкасы бойынша салық салынатын экспорт бойынша айналыс | 1а<*> | |
| 3. ҚҚС 0% ставкасымен алынатын, экспорт айналымы | 3 | |
| 4. ҚҚС 0% ставкасымен алынатын, экспорттан басқа айналым | 4 | |
| 5. Салық салынатын айналыстың | 5<*> | |
| 6. ҚҚС төлеуден босатылған, айналым | 6 | |
| 6а.ҚҚС 70,5-баптағы есептеме әдісі бойынша есептелген, шикізатты өткізу жөніндегі айналыс | 6а <*> | |
| 7. Жалпы айналыс (А бағанындағы 1-ден 6 және 6а-ға дейінгі жолдардың сомасы) | 7<*> | |
| 7б  Өз өнімі тауарларын сату бойынша нөлдік ставка айналымы негізіндегі жалпы салық салынатын айналымдағы (1-ден 5-ші жол сомасына бөлінген 3 және 4 жол сомалары) | 7б | |

салық салынатын үлес<*>
8. Импорт кезінде төленбеген ҚҚС, 70.4 баптар 8
бойынша
9.<*>
10 Жалпы ҚҚС есептелді (1, 1а, 2, 2а, 5, 8 10
жолдарының сомасы және Б бағанындағы 9) <*>

---

ЕСКЕРТУ. "ҚҚС есептеу" бөлімі өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.03.20. N 18 V980077_ бұйрығымен.

Есептемеге қатысты, ҚҚС сомасы ҚҚС рұқсат есептеме

---

11 Ішкі базарда, ТМД елінде алынған тауар,
жұмыс, қызмет /негізгі айналымнан басқа/
/Г қосымшасы/ 11
12 Ішкі базарда, ТМД елінде алынған негізгі
қаржы /автомобильдерді, ғимараттарды қоса/,
/Г қосымшасы/ 12
13 Сыртқы базарда алынған тауарлар /14, 13а, 14а, 15,
16, 17 жолдарда көрсетілген импорт
көрсеткішінен басқа/ 13
13а Сыртқы рыноктан сатып алынған, ҚҚС есептеу 13а<*>
8 Жол. Осы Жолды толтыруда сізге В қосымшасы көмектеседі. Осы қосымшада сіз әртүрлі көздерден алған табысыңыз туралы мәлімет беруіңіз тиіс. Қосымшадағы барлық қорытынды сомасы одан кейін 8 жолға ауыстырылады. Осы жолда келген негізгі құралдарды көрсетпеңіз.

9 Жол. ҚҚС-ы жөнінде тіркелмеген резидент емес тұлға үшін бюджетке төленуге тиісті ҚҚС-ның сомасын көрсетіңіз.

10 Жол. 8 және 9 жолға қосындылары енгізілген есепті кезеңде алынған сіздің барлық тауарларыңыздың /жұмыс, қызмет/ құнының көлемін көрсетіңіз.

11 Жол. Бұрын берілген салық декларациясының есептемесіне енгізілген ҚҚС-ы, сомасының барлық түзетулері, Е қосымшасында, олар енгізілген мезгілдегі түзетулер туралы қысқаша мәлімет көрсетілуі тиіс. Түзетулердің қорытынды сомасы одан кейін 11 жолына ауыстырылады.

12 Жол. Есепті кезеңдегі ҚҚС есептемесіне рұқсат берілген толық сомасын

көрсетіңіз, ол құрастырылғанда 8, 9 және 19 жолдарда көрсетілген.

13 Жол. Егер сізде ҚҚС босатылған айналымыңыз бар болса, онда сіздің өзіңіздің жөнелтушіңіз төлеген ҚҚС барлық сомасына есептеме жүргізуге құқыңыз жоқ. Сіз есептемеге жататын ҚҚС барлық сомасын және 12 жолда салық салу айналымының үлесіне 5а жолында көрсетілген соманы қосасыз. Сіз тек осы өлшемде ғана есептеме ала аласыз.

13а <*>

ЕСКЕРТУ. 13а жол алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

Есепті кезеңдегі ҚҚС есебі

14 Жол. ҚҚС-на есептелген толық сомасынан /7 жол/ есептемеге қатысты ҚҚС-ның толық сомасын алып тастаңыз /13 жол/, ҚҚС-сы жөніндегі салық міндеттемесінің осы жолдағы есепті кезеңдегі табысты көрсетіңіз. Егер де есепке алынатын есептелген салық сомасы салық сомасынан асып кетсе, онда сіз 15 жолды толтырмайсыз.

15 жол. Егер қоса есептеуге жатқызылған ҚҚС шамасы есептелген ҚҚС сомасынан асатын болса, онда осы жолдағы астам сомасын көрсетіңіз. Бұл жағдайда сізге 14 жолды толтырудың қажеті жоқ.<*>

ЕСКЕРТУ. 15 жол жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

16 Жол. Егер де сіз ҚҚС-ы жөнінде ағымдағы төлемді қоссаңыз, онда оның толық сомасы А қосымшасынан аталған жолға ауыстырылады.

17 Жол. Сіз осы жолда бюджетке төленетін ҚҚС-ның толық сомасын көрсетіңіз 14 жолда көрсетілген табыстан 16 жолдағы табысты алып тастаңыз. <*>

ЕСКЕРТУ. 17 жол өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

18 жол. Егер барлық түзетулерді енгізгеннен кейін сізде бәрібір қоса есептеуге жатқызылған ҚҚС сомасының есептелген салық сомасынан асса, бұл жол сол жағдайда ғана толтырылады. Егер сіз осы жолды толтырсаңыз, онда 17 жолда бос жер қойылады. <*>

19 жол. Егер есепті кезең үшін сізде нөлдік ставка бойынша салық салынатын

, сату бойынша айналымдар бар болатын болса, аталған айналымдар бойынша бюджеттен қайтарылуға тиіс осы жолдағы ҚҚС сомасын көрсетіңіз. Аталған сома 3 бағанының ("ЖАЛПЫ" жолы бойынша) 3 қосымшасынан көшіріледі.

Егер сіз нөлдік ставканы қолдана отырып өз өндірісі өнімiңiздi сатуды жүзеге асыратын болсаңыз және нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар құны жалпы салық салынатын айналымда 70 және астам проценттер құрайтын болса, онда осы жолға сіз 18 жолда аталған соманы көшiруiңiз қажет. <*>

ЕСКЕРТУ: 18, 19 жолдар жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

20-жол.<*>

21-жол.<*>

ЕСКЕРТУ. 20, 21 жолдар алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

Қ о с ы м ш а

А қосымшасы (Ағымдағы төлемдер және бұрынғы қоса есептеу кезеңінен көшiрiлген жиынтық). Бұл қосымша егерде сіз бюджетке ағымдағы төлемдердi енгiзген жағдайда және (немесе) олар сiзге төленбей, сiздiң алдағы салық мiндеттемелерi шоттарыңыз көшiрiлсе, сiздiң бұрынғы кезеңдер үшiн ҚҚС сомасын қайтаруға құқығыңыз бар. 1-ден 3 жолдар негізінде ҚҚС бойынша жүргізілген ағымдағы төлемдердің нақты сомасы, ал 4 жолда жүргізілген төлемдердің жиынтық сомасы көрсетіледі. Егерде бұрынғы кезеңдерде сізде нөлдік ставка бойынша салық салынатын сату негізіндегі айналымдар бар жағдаймен байланысты сізде бюджеттен қайтарылуға тиіс ҚҚС сомасы туындайтын болса, ал есепті кезең мерзімінде сізге олардың қайтарылуы жүргізілсе, 5 жолда жүргізілген қайтарым сомасын көрсетіңіз. 6 жолға бұрынғы есепті кезең үшін ҚҚС бойынша Декларацияның 27 жолының мәліметтерін к ө ш і р і ң і з . < * >

ЕСКЕРТУ. А қосымшасы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Б ұ й р ы ғ ы м е н . V 9 9 0 8 2 6 _

Б қосымшасы /ҚҚС-ын есептеу/. 1.1 жолында ҚҚС-ын қоспай, тауар, жұмыс, қызмет атқару жөніндегі 20 %-тік ставка бойынша салық салынатын барлық айналымды көрсетіңіз. 2.1 жолында сiз бұрын тауарларды сатып алғанда

ҚҚС-на есептеме алмаған жағдайда, мәселен кәсіпкерлік қызметке арналмаған автомобильдерді, тауарларды, сондай-ақ қолданылып жүрген салық заңы енгізілгенге дейін иемденген тауарларды сатып жіберілгеннен кейін ғана толтырылады. Енгізілген сомада тауарлардың құны мен оларды сатуда айырмашылығы болуы тиіс.<*>

1а-жолында 10 %-тік ставка бойынша салық салынатын азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі барлық айналыстар көрсетіледі.<*>

3.1 және жолы жоғарыда орналасқан жолдардың тиісті сомасы болып табылады және 20% ҚҚС-ы төленетін айналымның толық көлемін көрсетеді.

ЕСКЕРТУ. Б Қосымшасы /ҚҚС-ы бойынша есептемеге рұқсат берілген соманың есебі/ бөлімі толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 1998 жылғы 10 қазан N 62 бұйрығымен. V980546_

В Қосымшасы /ҚҚС-ы бойынша есептемеге рұқсат берілген соманың есебі/ . ҚҚС-ы бойынша есептемеге рұқсат сол кезде беріледі, егер сіздің қолыңызда есептеме туралы қойған талабыңызда өзіңіздің дәлелденген салық есептемеңіз бар болса. 8 жолға Қазақстанда иемденген тауарлар, жұмыстар және қызметтер кіреді. 9 жолда Қазақстанда алынған негізгі құралдар көрсетіледі.

8а/9а жолдары ҚҚС-ы көрсетілген барлық салық есептемесі бойынша көрсеткіштерге сәйкес соманы білдіреді. Аталған жолдарға ҚҚС-ы есептелмеген сомалық құны, ҚҚС-ның сомалық сомасы, салық есептемесінде қойылған және ҚҚС-ы жөніндегі есептемеге рұқсат берілген сома жазылады.

8б, 8в және 9б, 9в жолдарында сіздің алғандарыңыздың құны көрсетіледі. Сіз осы алғандарыңыз бойынша есептеме талап ете алмайсыз.

11д/12е жолдарында резидент емес тұлғаның төлем кезіндегі алынған ҚҚС-ның толық сомасы көрсетіледі және ол декларацияның бірінші бетіндегі 6 жолындағы көрсетілген сомаға тең келуі тиіс.

9 жолында автомобильдер мен ғимараттардың құны және ҚҚС-ның сәйкес тиісті табысы көрсетіледі. Сіз осы табыс бойынша есептеме талап ете алмайсыз.

Г қосымшасы /ҚҚС-ы жөнінде рұқсат етілмеген есептемені бөлу/. Осы қосымшада сіз сізге есептеме жүргізуге рұқсат етілмеген ҚҚС-ның сомасын көрсетіңіз, ол біраздан соң, сізге табыс салығы жөніндегі міндеттемеңіздің есеп айырысуына қажет болады.

Д және Е қосымшалары /Түзетулер енгізу/. Осы қосымшалар өткен мезгілдегі ҚҚС-ы сомасына байланысты өзгерістер енгізсеңіз ғана толтырылады.

Ж қосымшасы /Төлем көзі кезіндегі резидент емес тұлғадан ұсталған ҚҚС-ы /. Осы қосымшада сіз ҚҚС-сы сомасы туралы төлем көзі кезіндегі ұсталған сома туралы және резидент емес тұлғаның көрсеткіші жайлы мәлімет беруіңіз тиіс. Резидент емес тұлғаның толық атын, оның мекен-жайын, оның тіркеу нөмірін және мәмілеге есептелген ҚҚС-ның сомасын көрсетіңіз. Егер де қосымшада барлық мәліметке орын жетпесе, онда сіз қосымша тізім бересіз және декларацияның бірінші бетіндегі 6 жолында және қосымшада жиынтық сомасын көрсетіңіз.

З қосымшасы (Нөлдік ставка бойынша салық салынатын бюджеттен қайтарылуға тиіс ҚҚС сомасы). Бұл қосымша егерде сізде есепті кезең мерзімінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын, және егер жалпы салық салынатын айналымда осы айналымдардың құны 69 проценттен астам еместі құрайды айналымдар бар болатын жағдайда ғана толтырылады. Е бағанында сіз олар бойынша ТМД қатысушы-мемлекеттері шегінен оларды, сондай-ақ Қырғыз Республикасына, Әзірбайжан, Украина Республикасына және Молдова Республикасына тиеу жүргізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құнын көрсетесіз. Ж бағанында нөлдік ставка бойынша шығаруға пайдаланылған және тауарларды сатудағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құнын көрсетіңіз. З бағаны бойынша нөлдік ставка негізінде тиелген шығаруға пайдаланылған және тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатуға тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жабдықтаушылармен қойылған салықтық шот-фактурасы бойынша төленген ( төленуге жататын) ҚҚС сомасын көрсетіңіз.<*>

ЕСКЕРТУ. З қосымшасымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: З қосымшасымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы N 37 нұсқауына
2 қосымша

ЕСКЕРТУ: 2 қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

199__жылғы_________N_________

Салық шот-фактурасы

199__жылғы_________N_________шот-фактурасы негізінде ресімделген тиелген тауарлар құжаттары (тауар құжаттамалары, атқарылған жұмыстар актілері және т.б.)

199__жылғы_________N_________

Сатушының СТТН N____________________________________

СТТН және сатушының атауы

Сатып алушының СТТН  N____________________________________

СТТН және сатып алушының атауы

Белгілеу пункті N____________________________________

сенімхат бойынша біреу арқылы келісім-шарт бойынша тауарларды

___________________________________________________________________

жеткізу немесе қызмет көрсетулерді жүзеге асыру

теңге

______________________________________________________________________

| N р/н | Баяндау | Салық салынатын айналым бағасы | ҚҚС ставка сома | Акциз | Төлеуге барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚҚС салынатын тиел. ген тауарлар күні | | | | |
| 2 | ҚҚС салынбайтын ти. елген тауарлар құны | | | | |
| 3 | ҚҚС салынатын атқар. ылған жұмыстар, қыз. мет көрсетулер құны | | | | |
| 4 | ҚҚС салынбайтын жүк. телген жұмыстар, қызмет көрсетулер құны | | | | |
| | Салынатын салық ай. налымы бойынша жиын. тығы | | | | |
| | Салынбайтын салық айналымы бойынша жиынтығы | | | | |

______________________________________________________________________

____________________ ________________

Орындаушының аты-жөні қолы

Ұйым мөрінің

немесе
мөртабанының
орны

3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы
N 37 Нұсқаулығына

```
 _____________________________________________________________________
_____
|                                              |
|_____________________________________________________________________
_  |
|        Сатушының атауы және оның СТТН-                    |
|                                              |
|____________________________________________________________       |
|           патенттің сериясы мен нөмірі                |
|                                              |
|_____________________________________________________________________
_  |
|1998 ж. "__"____________________  N _____________                |
| салық шот-фактурасы                                 |
|                                              |
|_____________________________________________________________________
_  |
|Бюджетке төленген ҚҚС сомасы                              |
|                                              |
|___________________________________________ теңге                 |
|    санмен және жазбаша көрсетілсін                       |
|                                              |
|Сатып алушы _________________________________________________________
_  |
|                                              |
|_____________________________________________________________________
_  |
|    Сатып алушының атауы және оның СТТН-і                  |
|                                              |
|Сатып алушыға қойылған ҚҚС сомасы                         |
```

|                                                 |
|________________________________________________ теңге                    |
|            жазбаша                                  |
|                                                 |
|ҚҚС қалдығы __________________________________________ теңге                 |
|                                                 |
|________________________________________________________ теңге                 |
|            жазбаша                                  |
|                                                 |
|                                                 |
|______________________________________________________________________________
_  |
|              Кәсіпорын басшысының қолы                   |
|                                                 |
|                                                 |
|                                          __________
|                                           |
|                                           |
|                               _______________________ |   СК
|                                   Төрағаның қолы    | мөрінің
|                                           |  орны
|                                           |
|                                           |
|________________________________________________________________________|______
_____
      ______________________________________________________________________
_________
                                                 |
  1998 ж. "___"______________________  N  _________ салық шот-фактурасы  |
                                                 |
                                                 |
199__ ж. "___"________________________ жөнелту құжаттарының            |
(ілеспехаттардың) негізінде ресімделді                    |
                                                 |
                                                 |
Сатушы _____________________________________________________________________
_  |
                сатушының атауы                    |
                                                 |

СТТН N _________________________ сериясы мен патент N _________________
|
|
|
Сатып алушы ____________________________________________________________
_ |
|
Баратын жері ____________________________________________________________
|
|
________________________________________________________________________
_ |
тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді беру сенімхат бойынша |
|
________________________________________________________________________
__ |
кім арқылы жүзеге асырылды |
|
|
|
теңге |
________________________________________________________________________
____|
рет | Тізімі | ҚҚС-ыз | ҚҚС | ҚҚС | ҚҚС-пен |
N-і | | құны | ставкасы | сомасы | барлығы |
_________|_________________|__________|____________|__________|_________
_|
1 | | | | | |
| | | | | |
____ | | | | | |
СК | | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
_________|___ | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы
N 37 Нұсқаулығына

## САЛЫҚ ШОТ-ФАКТУРАЛАРЫН ТІРКЕУ КІТАБЫ

| Рет N-і | СШФ берілген уақыт | Сатып алушы. ның атауы | Сатып алушы. ның СТТН | Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) беру жөніндегі келісім-шарттың (шарттың) нөмірі мен уақыты | ҚҚС-сыз берілім. нің құны, теңге | ҚҚС ставка. сы, % | ҚҚС сомасы, теңге | Берілім. нің жалпы құны, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | Есепті кезеңдегі | | | | | | |

|  |   |  |  берілімдердің|   |  |  |  |
|  |   |  |  барлық құны|   |  |  |  |
|  |   |  |  және|   |  |  |  |
|  |   |  |  ҚҚС сомасы|   |  |  |  |
|  |   |  |   |   |  |  |  |
|___|_________|______|__________________|_________|_______|________|________|

5-қосымша<*>

Сату бойынша олардың айналымдары
10 проценттік ставка негізінде
қосылған құнға салынатын
салықтағы тауарлардың
Тізбесі

ЕСКЕРТУ. 5-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

1. Тірі салмақтағы мал
- ірі қара малы
- жылқылар
- шошқалар
- қойлар
- ешкілер
- түйелер
- үй қояндары
- жабайы жануарлар (маралдар, бұғылар, ақбөкендер)

2. Тірі салмақтағы құс
- тауықтар
- қаздар
- үйректер
- күрке тауықтар
- цесаркалар

3. Ет

Сүйектегі және еттің жұмсағындағы еттің барлық түрлері (оның ішінде тартылған ет, гуляш және басқалары)
- сиыр еті
- қой еті
- шошқа еті
- жылқы еті
- түйе еті
- үй қояны еті

- ешкі еті
- құс пен жабайы жануарлар еті

4. Балық
- тірі балық, салқындатылған, жаңа тоңазытылған, кептірілген

5. Ұн
- бидай ұны
- қара бидай ұны
- сұлы ұны
- жүгері ұны
- ячмень ұны
- соя ұны
- күріш ұны
- кебек
- етсүйекті ұн
- балық ұны

6. Нан

7. Нан-тоқаш өнімдері
- тоқаш өнімдері (батондар, тоқаштар, тоқаштық өнімдер)
- тәтті нан өнімдері
- баранкалық өнімдер (бубликтер, баранкалар, сушкалар, түтікшелер, нан таяқшалары)
- қант қосылған нан өнімдері (кептірілген нандар, гренкалар, қытырлақ нандар)

8. Макарон өнімдері

- ұзын кесілген макарондар, вермишель, кеспе, ойылған макарон өнімдері, рожки, ракушка және басқа макарон өнімдері

9. Сүт

10. Сүт өнімдері (балмұздақтан басқасы)
- ацидофилин, ацидофиль сүті, йогурт, ряженка, айран, қатық, кілегей, қаймақ, кішкене сырлар, ірімшік, сырлар (балқытылған, брынза, сулугуни және басқаларын қоса), сары май, ашылған сүт өнімдері (қымыз, шұбат және басқалары)
- құрғақ сүт өнімдері (балмұздақ үшін құрғақ сүт қоспалардан басқа): құрғақ сүт, құрғақ кілегей
- сүт консервілері (қойыртылған сүт, концентратталған сүт, (қойыртылған сливки, концентратталған сливки)

11. Жұмыртқалар
- құстардың барлық түрлерінің жұмыртқалары

12. Өсімдік майы

- майлылығы төмен тұқымнан жасалынған өсімдік майлары (кендір майы, қышабас майы, тунго майы, мақта майы, кенаф майы, ляллеманц майы, томаттың тұқымынан жасалған май, жүзімнің тұқымынан жасалған май)
- майлылығы орташа тұқымнан жасалынған өсімдік майлары (горнич майы, зығыр майы, рапс майы, рыжик майы, сафлор майы)
- майлылығы жоғары тұқымнан жасалынған өсімдік майлары (арахис майы, кастор майы, күнжіт майы, көкнәр майы, перилл майы, күнбағыс майы)
- жаңғақтардың өзегі және тұқымдардың жұмсағынан жасалынған өсімдік майлары (бук майы, бал қарағай майы, кокос майы, миндаль майы, жаңғақ майы, зәйтүн майы, пальма өзегі майы, пальма ойтисик майы)
- тұқым сүйектерінен жасалынған өсімдік майлары (өрік ағашы майы, шие майы, шабдал майы, қара өрік майы)
- ірі және басқа да тамақ өнімдері қалдықтарынан жасалынған өсімдік майлары (майлы кориандр майы, жүгері майы, какаовелладан жасалынған күріш майы)

13. Маргарин
- сүт маргарині, май маргарині, сүтсіз маргарин, бутербродтық маргарин, шоколадтық маргарин және өзгелері

14. Жармалар
- күріш, сұлы жармасы, ақталған тары, қарақұмық жармасы, бидай жармасы, ячка жармасы, перловка жармасы, мәни жармасы

15. Дәндер
- бидай, ячмень, тары, сұлы, қара бидай, күріш, жүгері, қарақұмық
- атбас бұршақты дәндер (бұршақ, сөк, чечевица, фасоль)

16. Құрама жемдер
- жануарлар мен құстарды тамақтандыруға, олардың дамуы үшін қажетті үстемемен бөлшектенген дәндерден дайындалған өнімдер

17. Қант, оның ішінде шикізат қант

18. Тұз

19. Картоп

20. Көкөністер
- жас көкөністер (саңырауқұлақтан басқа), жаңадан тоңазытылған көкөністер, кептірілген көкөністер

21. Балаларға арналған және диабеттік тамақ өнімдері

22. Колбаса өнімдері (қоғамдық тамақтану саласында шығарылатындарынан басқа)

- колбасалардың барлық түрлері
- зельцы
- сосискілер
- сарделькалар

23. Консервіленген ет (қоғамдық тамақтану саласында шығарылатындарынан басқа)

- күптелген ет консервілері, тартылған консервілер, тұздалып-сүрленген шошқа етінен жасалынған консервілер

24. Балық өнімдері (қоғамдық тамақтану саласында шығарылатындарынан басқа)

- тұздалған, тәтті қосылған, маринадталған, қақталған, кептірілген-ысталған
- балық өнімдері
- балықтық консервілер (табиғи, майда, томат соусында, балық паштеті)
- балықтың бекіре және частик түрлерінің уылдырығы;<*>

ЕСКЕРТУ: 24-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

25. Көкөніс өнімдері (қоғамдық тамақтану саласында шығарылатындарынан басқа)

- ашытылған, тұздалған көкөністер
- көкөністік маринадтар
- көкөністік консервілер (салаттар, кетчуптер, уылдырықтар, соустар, шырындар, сусындар)

26. Наубайханалық ашытқылар (қоғамдық тамақтану саласында шығарылатындарынан басқа)

27. Сыра қайнатуға арналған ашытқылар (қоғамдық тамақтану саласында шығарылатындарынан басқа)

6 - қ о с ы м ш а < * >

ЕСКЕРТУ. 6-қосымша алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

7-қосымша<*>
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы
N 37 Нұсқаулығына

ЕСКЕРТУ. 7-қосымша өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: 7-қосымша өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

## Қосылған құн салығын қайтарудың тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

Осы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығына сәйкес әзірленді және қосылған құн салығын қайтарудың тәртібін айқындайды.

Осы ереженің әрекеті, меншіктілік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңды тұлға мәртебесі бар қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын, шаруашылық субъектілеріне, сондай-ақ іс-әрекетін Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттерге қолданылады.

Қосылған құн салығын қайтару мынадай жағдайларда:

1) салық төлеушінің нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын, өткізу жөніндегі айналысы болса;

2) бюджетке салықтың сомасы артық төленген немесе қаражаттар қате аударылған болса - жүргізіледі.

Басқа жағдайларда төленген салықтың сомасынан артық есептемеге жатқызылған салық сомасының асып түсуі қосылған құн салығы жөніндегі алдағы төлемдердің есебіне, сондай-ақ тауарлар импортталған жағдайдағы қосылған құн салығын төлеу есебіне қосылады.

Салық төлеушінің есеп-шотына қайтару басқа салықтар бойынша борышы болмаған жағдайда жүргізіледі. Егер салық төлеушінің, аталған салық төлеушінің кредиторларында бар ҚҚС бойынша салық борышын өтеу шоты есебіне немесе басқа салықтар мен міндетті төлемдер бойынша борышы болса, салықтың қайтарылатын сомасы аталған борышты өтеу үшін есептеледі.<*>

Қосылған құн салығын қайтару салық төлеушінің жазбаша өтініші бойынша, сондай-ақ осы сомалардың растығына салық органдары жүргізген тексеру актісінің (егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналыс бойынша қайтару жүргізілсе) немесе салық төлеуші тапсырған және салық органы растаған (егер бюджетке артық аударылған салықтың сомасын қайтару жүргізілсе) актінің негізінде жүргізіледі (егер қайтару нөлдік ставка бойынша айналысы бар салық төлеушіге жасалса).

Қосылған құн салығын қайтарудың ресімдерін бақылауды және жеңілдетуді жүзеге асыру үшін салық органдары салық төлеушілердің өтініштерін осы Нұсқаулыққа қосымша беріліп отырған, 8-қосымшада келтірілген нысан бойынша жүргізілетін жеке журналда тіркеп отырады. Журналдың беттері нөмірленген, жіппен байланған және салық органының мөрімен бекітілген болуы керек. Журналда өтініштің берілген уақыты, салық төлеушінің атауы және қабылданған шешім туралы белгі қойылады. Шешім дұрыс жасалған жағдайда жасалған қайтарымның сомасы жазылады. Егер салық төлеушіге қайтарудан бас тартылатын болса, онда бас тартудың себептері көрсетіледі. Салықты қайтаруды салық төлеуші тіркелген жердегі салық органы бюджеттік сыныптаудың аудан, қала бойынша тиісті коды арқылы жылдың басынан бері іс жүзінде келіп түскен соманың шегінде жүргізеді.

Егер аудан, қала бойынша түсімдердің көлемі қосылған құн салығын қайтаруға мүмкіндік бермесе, мұндай жағдайда қайтару облыстық салық комитетінің шешімімен тұтастай алғанда облыс бойынша бюджеттік сыныптаманың тиісті коды арқылы іс жүзінде түскен соманың шегінде жүргізіледі.

Салықтың қайтаруға талап етілген сомасы облыс бойынша ҚҚС түсімдерінің көлемінен асып түскен жағдайда, салықты қайтаруға рұқсатты Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті береді.<*>

2. Нөлдік ставка бойынша айналысы бар салық төлеушіге ҚҚС-ты қайтару<*>

ЕСКЕРТУ. Екінші бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

ЕСКЕРТУ: Екінші бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналысқа, халықаралық шарттарда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, тауарлар экспорты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген қымбат бағалы металдарды - алтын мен платинаны өткізуі жатады. Осыған байланысты бюджеттен қайтаруға тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берерменге төленген (төленуге тиісті), іс жүзінде экспортталған тауарларды және алғашқы саудаларда өткізілген алтын мен платинаны өндіруге және өткізуге пайдаланылған қосылған құн салығының сомасы жатады.

Қайтару декларацияға сәйкес салық төлеушінің, ҚҚС бойынша

декларациялар өтініші мен қайтарылуы көрсетілген ҚҚС сомасының растығын құжаттық тексерудің актісі негіздеме болып табылады.<*>

Оның тіркеу орны бойынша салық органында ашылған салық төлеушінің жеке шотында бар ҚҚС бойынша асыра төлеу сомасы шегінде және осы соманың растығын тексергеннен кейін ҚҚС бойынша (200S нысаны (5-97) декларацияға З қосымшасында немесе ҚҚС бойынша (200 нысаны (1-97) И қосымшасында көрсетілген қосылған құн салығы қайтарылуға жатады.<*>

Есепті кезең үшін жалпы салық салынатын айналымда нөлдік ставка бойынша олардың айналымдары 70 және астам проценттерді құрайтын салық төлеушілер ҚҚС бойынша (200S нысаны (5-97) декларацияға З қосымшасы немесе ҚҚС бойынша (200 нысаны (1-97) декларацияға И қосымшасы толтырылмайды.<*>

Бұл жағдайда осы Нұсқаудың 1-қосымшасымен белгіленген талаптарымен сәйкес толтырылған ҚҚС бойынша декларацияға (200S нысаны (5-97) 18 жолында немесе ҚҚС бойынша декларацияға (200 нысаны (1-97) 26 жолда көрсетілген салық сомасы қайтарылуға жатады.<*>

Қайтару талап етілген қосылған құн салығы сомасының растығын тексеру осы салық бойынша бұрынғы тексеру біткеннен бастап арыз берген сәтке дейінгі уақытты қамтитын кезеңде жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген сомалардың растығын тексеруді жүргізген кезде салық органдары тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығымен сатып алынғанын растайтын салық шот-фактураларының, сондай-ақ экспортталатын тауарлардың алыс шетел шекарасынан өткенін растайтын құжаттардың (кеденнің "Әкетуге рұқсат" таңбасы бар жүк кедендік декларациясы, алыс шетел шекарасынан өтуді растайтын тауармен жүретін құжаттар, экспортталатын тауарлардың жөнелтілгені үшін төлемдердің түскенін растайтын құжаттар) бар-жоғын анықтайды. Қажет болған жағдайда, бюджеттен қайтару сомасын талап еткен кәсіпорынның берермендерін салық органдарында аталған берермендердің тіркелуі жөнінде және қосылған құн салығы бойынша есепте тұрмайтын, берермендер тапсырған салық шот-фактуралары бойынша есептемеге жатқызылған ҚҚС сомасын анықтау мақсатымен, немесе, егер берермен өз әрекетін патент негізінде жүзеге асырып келсе, және патенттің құнында көрсетілген ҚҚС сомасынан асып түсетін сомадағы қосылған құн салығының салық шот-фактурасын көрсеткен болса, қарама-қарсы тексеру жүргізеді. Мұндай жағдайларда, есептемеге жатқызылған қосылған құн салығының сомасы осындай салық шот-фактураларын берген берермендердің төлеуіне жатады. Бұл сияқты фактілердің анықталған жағдайында тексерудің материалдарын салық полициясының органдарына тапсыру қажет. <*>

Салық төлеушінің өтінішін қараудың және орындаудың мерзімі өтініш берілген уақыттан бастап 60 күннен аспауға тиісті, осы уақыттың ішінде қайтарылуы талап етілген салық сомасының растығы тексерілуі және салық төлеушіге оның өтінішін қараудың нәтижелері туралы хабарлануы, сондай-ақ мәселе дұрыс шешілген жағдайда салықтың қайтарылуы керек.

< * >

< * >

Бұл орайда жиынтық жылдық табыс туралы декларацияға және жасалған шегерімдерге сәйкес салық төлеуші салық жылында тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өткізуден зиянға ұшыраса, бірақ жыл бойы салық органы қосылған құн салығын толық көлемінде қайтарған болса, онда қайтарылған ҚҚС сомасы пайда болған зиянның сомасына қарай қайта есептелуге және бюджетке қайтарылуға жатады.

3. Бюджетке артық аударылған ҚҚС сомасын қайтару<*>

ЕСКЕРТУ. Үшінші бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

Егер салық төлеушінің бюджетке іс жүзінде төлеген қосылған құн салығының сомасы ҚҚС жөніндегі декларация бойынша төлеу үшін көрсетілген салықтың сомасынан асып кетсе, онда осы асып кеткен сома, сондай-ақ қате аударылған ақша қаражаты салық төлеушінің есеп-шотына оның жазбаша өтінішінен кейінгі 20 күннің ішінде қайтарылуға жатады немесе осы Ережеде белгіленген тәртіппен басқа салықтарды төлеу үшін есептелуі мүмкін.

Бюджетке төленуге тиісті және ҚҚС жөніндегі Декларацияда көрсетілген салықтың сомасын және осы Ережеге қоса берілген 2-қосымшада растайтын салық төлеушінің салыстыру актісі негіздеме болып табылады. Салыстыру актісін салық төлеуші осы Ережемен бірге беріліп отырған 2-қосымшада келтірілген нысан бойынша жасайды және оны салық органы бекітеді.

4. Кредиторлардан ҚҚС бойынша төленбеген қарызын өтеу шотына бюджеттен қайтарылуға тиісті ҚҚС-ты қоса есептеу<*>

ЕСКЕРТУ. төртінші бөлім жаңа редакцияда толықтырылды, төртінші бөлім бесінші бөлім болып саналады і - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

Аталған салық төлеушілердің бюджеттен салық төлеушімен қайтарылуға тиісті ҚҚС қоса есептеуі кредиторлардың ҚҚС бойынша салық борышын өтеу шотына салық төлеушінің жазбаша өтініші, қайтарылуға ұсынылған ҚҚС сомасының шындығын құжаттық тексеріс актісі және бюджетке артық енгізілген (қате аударылған) салық сомасын нақтылайтын салық төлеушінің сәйкес актісі негізінде және аталған кредитордың дебитор алдында ҚҚС бойынша бюджетке жиналып қалған төленбеген қарыз есебінен ҚҚС бойынша бюджет алдындағы оның төленбеген қарызын өтеу туралы кредитордың тіркеу орны бойынша салық органына хатқа сәйкес жүргізіледі.

Бұдан басқа, салық органына салық төлеуші арасындағы төленбеген қарыз және оның кредиторымен өзара салыстыра тексеру актісі туралы, сондай-ақ ҚҚС бойынша оның төленбеген қарызының барлығы туралы тіркеу орны бойынша кредитордың салық органын растау ұсынылады.

ҚҚС бойынша оның кредиторларының олармен бірге бір облыс, Астана және Алматы қалаларының аумағында орналасқан салық борыштарын өтеу шотына бюджеттен салық төлеушіге қайтарылуға тиісті ҚҚС қоса есептеуі облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитетінің рұқсатымен жүргізіледі.

Егер салық төлеуші және оның кредиторы республиканың әртүрлі аймағында орналасқан жағдайда, онда кредитордың салық борышы өтеу шотына бюджеттен салық төлеушіге қайтарылуға тиіс ҚҚС қоса есептеуі тек Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігімен келісім бойынша жүргізіледі.

Барлық жағдайларда мұндай қоса есептеулер салық төлеушінің жеке шоттарындағы тиісінше өткізбені көрсете отыра Қазынашылық Комитеті органдары арқылы жүргізіледі.

### 5. Қосылған құн салығын төлеуші - Заңды тұлға жойылған кездегі ҚҚС төлеу<*>

Заңды тұлға жойылған кезде, есептемеге жататын салық сомасының есептелген салық сомасынан артығы мынадай жағдайларда қайтарылады:

1) егер жойылатын ұйымның өткізу жөнінде айналыстары болса және оған салықты қайтару (есептеме) жасалмаған болса;

2) егер салықтың бюджетке артық төленген фактісі анықталса.

Бұл орайда заңды тұлға - қосылған құн салығын төлеуші жойылған жағдайда, оның тауарларының (мүлкінің) қалдығы бюджетпен өзара есеп айырысу мақсатында салық салынатын айналыс ретінде қаралады. Мұнда есептемеге жататын салық сомасының аударылған салықтың сомасынан артығы тауарлардың, оның ішінде, негізгі құралдардың (бұрын сатып алынған

ғимараттар мен жеңіл автомобильдерді қоспағанда) қалдығы бойынша есептелуге тиісті қосылған құн салығын төлеудің есебіне алынады және жоғарыда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қайтаруға (есептемеге) ж а т п а й д ы .

МЫСАЛЫ: "Достық" ЖШС 1996 жылғы қазанда құрылған болатын. Ұйым 1996 жылғы қазаннан 1998 жылғы сәуірге дейін мыналарды сатып алды:

| | сомасы | ҚҚС |
|---|---|---|
| Негізгі құралдар (ғимараттар мен жеңіл автомобильдерді қоспағанда) | 200000 теңге | 400000 теңге |
| Тауарлар | 1200000 теңге | 200000 теңге |
| ҚҚС есептемесіне жатқызылғаны | | 240000 теңге |

Аталған кезең ішінде ұйым 600000 теңгенің тауарын жөнелткен. Бұл тауарларды өткізуден алынған пайда 900000 теңге, оның ішінде ҚҚС 150000 теңге.

1998 жылдың сәуірі үшін декларацияда есептемеге жататын салық сомасының аударылған салық сомасынан артығы 90000 теңге болды.

1998 жылдың мамырында кәсіпорынды жою туралы шешім қабылданды. Жойылатын кезде ЖШС-те мынадай қалдықтар қалды:

| | |
|---|---|
| Негізгі құралдар (қалдық құны) | 120000 тг |
| Тауарлар | 400000 тг |

Қалған мүлікке салынатын салықтың сомасы 104000 теңгені құрайды. Демек бюджетпен біржола есеп айырысу кезінде ұйым 14000 теңге (104000 - 90000) төлеуге тиісті.

8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы
N 37 Нұсқаулығына

Салық төлеушілердің қосылған құн салығын қайтару жөніндегі өтініштерін тіркеу журналы

| Рет N-і | Салық төлеушінің атауы | Өтініш берілген уақыт | Қайтарылуы көрсетілген ҚҚС | Қайтарылуы көрсетілген ҚҚС | Растығын тексеру актісімен |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сомасы | сомасының растығын тексеру жөніндегі нұсқаудың уақыты және нөмірі | бекітілді |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

| ҚҚС-ты қайтару жасалған уақыт | Салық төлеушіге нөлдік ставка бойынша қайтарылды | Артық төленген сома қайтарылды | Қайтарылған ҚҚС сомасының қалдығы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы
N 37 Нұсқаулығына
9-қосымша<*>

ЕСКЕРТУ. 9-қосымша толықтырылды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

Өндірістік өңдеуге арналған,
импортталатын шикізат пен материалдар
үшін қосылған құн салығын төлеуге
мұрсат берудің тәртібі туралы

Е Р Е Ж Е

1. Осы Ереже өнеркәсіптік өңдеуге арналған импортталатын тауарлар үшін қосылған құн салығын төлеуге мұрсат берудің тәртібін айқындайды.

Өнеркәсіптік өңдеуден кейін алынған өнім (тауар) СЭҚ ТН бойынша код алғашқы төрт белгіден кез-келген дәрежесінде пайдаланылған шикізаттар және материалдардан айырмашылығы бар немесе егерде шикізаттар және материалдарды шығару процесі кезінде қосымша еңбекті пайдалана отыра химиялық немесе физикалық әсерлерге ұшырайтын болса, шикізат және материалдарды өңдеу деп өндіріс процесінде оларды одан кейінгі пайдалану түсініледі.<*>

Мұның өзінде өнеркәсіптік өңдеуге жатпайды:<*>

жай құрау операциялары;

қоғамдық тамақтандыру саласындағы өңдеу;

тауарларды сатуға және тасуға дайындау бойынша операциялар (партия) ларды ұсақтау, жіберілетін заттарды қалыптау, сұрыптау, буып-түю, қайта буып-түю;

оның негізгі құраушыларынан көп айырмашылықтары бар алынған тауар мінездемесіне қарамастан тауарларды араластыру.

2. Қосылған құн салығын төлеуге мұрсат Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығының 70-бабының 3-тармағына сәйкес үш айлық мерзімге беріледі.

3. Салық төлеуші жазбаша өтініш берген жағдайда, Мұрсатты облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері береді.

Мұрсат алу үшін салық төлеуші салық органына мынадай құжаттарды:

- тауар беру туралы келісім-шарт;

- төлеушінің өңдеуші кәсіпорын болып табылатынын растайтын статистикалық тіркеу карточкасын немесе импортталатын шикізаттар мен материалдарды өнеркәсіптік өңдеуге қажетті өнеркәсіптік алаңдар мен техникалық жағдайлардың бар екендігі туралы анықтаманы - тапсырады.

Салық төлеушінің мұрсат беру туралы өтінішін салық органдары 10 күндік мерзімде қарайды.

4. Мұрсат берілген қосылған құн салығының сомасын өтеуді салық органдары үш айлық мерзім ішінде өткізілген өнімге байланысты ҚҚС жөнінде бюджетпен өзара есептесу әдісімен жүргізеді. Борыштың өтелмеген сомасына мұрсат мерзімі өткеннен кейінгі алғашқы күннен бастап өсімақы есептеледі.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен келісе отырып, өнеркәсіптік өңдеу үшін импорт бойынша тауарларды ұдайы алатын салық төлеушілерге күнтізбелік жылдың бойында қосылған құн салығын төлеу жөнінде мұрсат алуға Құқық береді.<*>

ЕСКЕРТУ: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 Бұйрығымен. V990963_

6. Мұрсат алу құқығын алу үшін салық төлеуші осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитетіне мынадай көрсеткіштерді:<*>

- үздіксіз өндіріс циклының растамасын;

- өнімді өндіру үшін импортталатын шикізат пен материалдарға деген сұранысты - міндетті түрде көрсете отырып, өз өнеркәсіптік әрекетінің қысқаша сипаттамасын тапсырады.

7. Мұрсат алу құқығын импортшыға Салық комитеті, бір мезгілде жергілікті

жерлердегі кеден және салық органдарына хабарлай отырып, береді.

Кеден органдары ай сайын салық органдарына мұрсат алуға берілген құқыққа сәйкес төлем мұрсатына кедендік рұқсат етілген, салық төлеуші берген шикізат пен материалдардың көлемі туралы, мұрсат берілген салықтың сомасын және әрбір берілім (лек) бойынша кедендік ресімдеудің уақытын көрсете отырып, салық органдарына ақпарат жібереді. Бұл орайда шикізат пен материалдардың әрбір легіне арналған мұрсаттың әрекет мерзімі үш айлық кезеңнен аспауға және Құқықтың әрекет мерзімі бітуінен кешікпей аяқталуға тиісті.

8. Салық органдарының импортшыларға әкелінген шикізат пен материалдардың бар-жоғын тексеруге сондай-ақ лауазымды тұлғалардан олардың есебі мен өңделуі жөніндегі құжаттарды талап етуге құқығы бар.

9. Импорттық шикізаттар мен материалдардың өнеркәсіптік өңделместен өткізілуі, жоғалуы, ұрлануы, бұзылуы фактілері анықталған жағдайда, қосылған құн салығы Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлықтың 58-бабының 1, 2 және 6-тармақтарына сәйкес есептеледі және өсімақы қосылып, бюджеттің кірісіне алынады. Бұл орайда мұрсат алу құқығы кеден органының хабарлауымен қайтарып алынуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 10, 11, 12, 13, 14 - қосымшалармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 519 Бұйрығымен. V990826_

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы N 37
нұсқауына
10 қосымша

Бюджетке қосылған құн салығы бойынша есеп
айырысулардың салыстыра тексеру актісі

___________________________________ ______________________________

салық төлеушінің атауы салық органының атауы

_____________________________________________________________________
_____

|Декларация бойынша төленуге есептелді | Бюджетке нақты төленді |
|________________________________________|________________________________
_|
| Есепті кезең |Бюджетке төленуге |Төлем Тапсырма. | Бюджетке нақты |
| |тиіс салық сомасы |сының N мен күні| төленген салық |
| | | | сомасы |

|____________________|_____________________|_______________ _|________________
_|
| | | | |
|____________________|_____________________|_______________ _|________________
_|
| | | | |
|____________________|_____________________|________________ |________________
_|
| Барлығы | | Барлығы | |
|____________________|_____________________|________________ |________________
_|

_____ 1998 жылға ҚҚС бойынша асыра
_________________ төлеу теңге құрайды.

ҚҚС бойынша айыптар мен өсімдер
____________________________________ теңгеде есептелді.
(егер өтелмеген болса, көрсетіледі)

Қайтарылып беруге ______________________ теңге жатады.

Кәсіпорын Салық органы
басшысы _______________ басшысы _______________
(қолы) (қолы)
МО МО

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 26 маусымдағы N 37
нұсқауына

11 қосымша

Салықтық шот-фактуралардың қолданылу
Тәртібі

1. Салықтық шот-фактурасы қосылған құн салығын төлеушілердің барлығы үшін міндетті құжат болып саналады.

"Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы" Қазақ ССР кодексінің 165 бабына сәйкес шот-фактураларын жасамау және пайдаланбау немесе тиесінше ресімдемеу үшін жауапкершілік салық төлеушіге жүктеледі.

2. Салықтық шот-фактурасы жабдықтаушы (мердігерші) - заңды тұлғамен, сатып алушы-заңды тұлғаның, оның филиалдарымен, өкілдіктерімен және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерімен немесе жеңілдетілген салық тәртібінде жұмыс істеуші жеке тұлғамен) сатып алушы (тұтынушы, тапсырыс

беруші)-заңды тұлғаның, оның филиалдарының, өкілдіктерінің немесе өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінде немесе жеңілдетілген салық істеуші жеке тұлғалардың (бұдан әрі - тиесінше жабдықтаушы және тұтынушы) атына екі данада жазылады және салықтық шот-фактуралар тіркеу Кітабында тіркеледі.

